Key words: Isatay Taimanov, Makhambet Utemisov, Bukey Horde, Western part of the Younger Zhuz, people's liberation uprising, sultan Baimagambet Aishuakov, polkovnik Geke, Kaipkali Esimov.

Кіріспе. Өткен ғасырдың 20-жылдарының орта кезінен бастап 1836-1838 жылдарда Қазақстанның батыс аймағында қазақ батырлары Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған халық-азаттық көтеріліс туралы көптеген зерттеу еңбектер жариялана бастағаны мәлім. Ал Қазақ елі тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейінгі жылдарда осы көтеріліс тарихына байланысты біраз жаңа ғылыми-зерттеу еңбектер жарық көрді. Сол еңбектерді зерделей келе көтеріліс тарихына байланысты әлі де анықтай түсетін жағдайлардың бар екендігі байқалуда.

XIX ғасырдың алғашқы жартысында Қазақстанның батыс өңірінде ерекше әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдай қалыптасты. Сол ғасырдың 20-40 жылдарында Бөкей ордасы қазақтары Қазақстанда тұңғыш рет «өтпелі кезенді» бастан кешірді. Өтпелі кезеннің басты белгілері: жерді жеке меншікке беру және ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі басқару жүйесінің ығыстырылып, оның орнына жаңа-отарлық үстемдікке бейімделген басқару жүйесінің енгізілуі болды. (Қойгелдиев, 2004: 121). Осы мезгілде Бөкей ордасында ескі мен жаңаның, яғни мезгілі өтіп бара жатқан феодалдық қоғам мен қазақ жеріне енді еніп келе жатқан капиталистік қоғам арасындағы қайшылық анық байқалды. 1836-1837 жылдарда Бөкей ордасын дүр сілкіндірген халық-азаттық көтеріліс сол қайшылықтың салдары еді.

Мақаланың мақсаты: 1836-1838 жылдарда Қазақстанның батыс аймағында болған көтерілістің шығу себептерін, кезеңдерін анықтау. Сонымен бірге мақалада көтерілістің жүрісі, негізгі шайқастары мен жеңілу себептері көрсетіледі.

Материалдар мен әдістер. Мақаланың басты дереккөз базасы ҚР Орталық мемлекеттік архивінің 4 және 78 қорлары болып табылады. Оған қоса Астрахань, Орынбор мемлекеттік архивтерінен де осы тақырыпқа байланысты жекеленген құжаттар алынды.

Сонымен бірге осы тақырыпты зерттеушілердің еңбектері де (Рязанов, 1991; Досмұхамедов, 1998; Кенжалиев, 1991; Есмағамбетов, 2003; Бердіғожин, 2011; Сарай, 2012; және т.б.) жан-жақты пайдаланылды.

Мәселенің зерттелу барысында кейбір ағат пікірлердің бар екендігі байқалды. Солардың кейбіреулерін атап өтетін болсақ:

1. Көтерілістің кезеңдері туралы: академиялық «Қазақстан тарихының» 3-томында көтеріліс 3 кезеңге бөлініп көрсетілген. I кезең - 1833-1836 жылдар; II кезең-1837 жылдың басы мен сол жылдың қараша айының ортасы; III кезең - 1837 жылдың желтоқсан айы мен 1838 жылдың 12 шілдесіне дейін (Қазақстан тарихы, 2010: 337-338). Профессор Ж. Қасымбаевтың негізгі және орта мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың 8-сыныбына арналған «Қазақстан тарихы» оқулығындағы «1836-1838 жылдардағы Бөкей ордасындағы шаруалар көтерілісі» атты тақырып мәтінінде де көтеріліс 3 кезеңге

бөлінген (Қасымбаев, 2004: 91). Бұл жерде оқушылар үшін де, тарихшы-мұғалімдер үшін де, тіпті қалың жұртшылық үшін де түсініксіздік тудырып тұрған бір нәрсе, ол көтерілістің І кезеңінің 1833 жылдан басталуы, яғни оның тақырыпта көрсетілген жылдардан тыс тұрғаны. Егер көтерілістің кезеңдері сол оқиға болған жылдардың (бұл жерде 1836-1838 жылдар аралығы – автор) ішінде болуы керек емес пе деген қарапайым логикаға сүйенсек, онда І кезеңнің 1833 жылдан басталуы мүлде қисынсыз. «ІІ кезең, көтерілісшілердің ханға қарсы бас көтеруінен (1837 жылдың басы) басталып...» деген жолдарды да негізсіз деп қараған жөн. Себебі көтеріліс 1836 жылдың көктемінде Жәңгір хан мен оның сыбайластарына қарсы басталып кеткен жоқ па? Оған қоса, Ж. Қасымбаев ІІІ кезеңді көтерілісшілер күшінің әлсіреу кезеңі деп көрсетеді. Бұл жерде «Бұл кезең жаңа шайқастарға әзірлік барысында көтерілісшілердің күштерін қайта қалыптастыру және Ақбұлақ өзенінде толықтай жеңілу кезеңі болып табылады» делінген «Қазақстан тарихының» ІІІ томындағы пікір әлдеқайда дұрыс (Қазақстан тарихы, 337-338). Егер Х. Досмұхамедовтың, И. Кенжалиевтың ғылыми зерттеулеріне сүйенетін болсақ, онда көтеріліс 2 кезеңнен тұрады. 1-ші кезеңде көтеріліс Бөкей ордасында басталып, дамиды және аяқталады. Ол 1836 жылғы наурыз бен 1837 жылғы қараша айының орта кезін қамтиды. Бұл – көтерілістің еуропалық кезеңі. 2-ші кезеңде көтеріліс Кіші жүздің батыс бөлігінде өрістейді. Ол 1838 жылдың алғашқы 6 айын қамтып, 12 ші шілдеде Ақбұлақ шайқасымен аяқталады. Бұл – көтерілістің Азиялық кезеңі. Жалпы алғанда көтеріліс Еуропа құрлығында басталып, Азияда аяқталады («Алаш», 2010: 66).

2. Кейбір тарихшы ғалымдар, соның ішінде «Қазақстан тарихы» оқулығы авторлары көтерілістің жылдары мен жерлерін қате көрсетуде. Мысалы: Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған 2018 жылы «Мектеп» баспасынан шыққан «Қазақстан тарихы (XVIII-XIX ғғ.)» оқулығынан параграф 25-26 «1836-1838 жылдардағы Бөкей ордасындағы қазақтардың көтерілісі» деген тақырыпты көреміз (Қазақстан тарихы, 2018: 75). Алайда, көтерілістің 2-ші кезеңі яғни Азиялық кезең 1838 жылдың алғашқы 6 айында Кіші жүздің батыс бөлігінде болған және оқиғаның Ақбұлақ шайқасымен аяқталғанын ескерсек, онда «1838 жылғы Бөкей ордасындағы көтеріліс» деген мүлде жаңсақ болып шығады. Нақты айтқанда, 1838 жылы Бөкей ордасында ешқандай да көтеріліс болмаған. Олай болса, бұл тақырыптағы көтеріліс болған жер (Бөкей ордасы) деп қате көрсетілген.

3. Көптеген тарихшы-ғалымдардың көтерілістің 2-ші кезеңін ашып көрсетуге өте құлықсыз екендігін байқау қиын емес. Тіпті, олардың кейбіреулері ХХ ғасырдың 60 жылдарында тарихшы ғалым Е. Бекмахановтың «Исатай мен Махамбет батырлар бастаған көтеріліс Азия бетте өзінің таптық мәнін жойып, реакциялық сипат алады», - деген пікірінен арыла алмай жүр ме?» – деген ойға қаласың (Бекмаханов, 1966: 60). Ал, шын мәнінде осы аймақта көтеріліс басшылары Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы патша өкіметінің отарлық саясатына қарсы күресті бұрын болмаған жаңа сатыға көтерген болатын. Біздің бұл пікіріміз мақаланың мазмұнында толық дәлелденеді.

Талқылау. Алдымен 1836-1837 жылдарда Бөкей ордасында болған көтерілістің шығу себептеріне тоқталсақ: 1. Ішкі орданы Бөкей хан мен Шығай сұлтан басқарған тұста қазақтар жерді қауымдық (рулық) негізде пайдаланды. Ал, патшаның сеніміне кірген Жәңгір хан ХІХ ғасырдың 30-жылдарынан бастап қазақ қоғамындағы бұрыннан қалыптасқан жер иелену дәстүрін тоқтатып, жайылымға жарамды 6500000 десятина жердің 400000 десятина құнарлы бөлігін өзі иемденіп, империяның ең ірі помещиктері қатарына қосылды. (Қазақ көтерілістері, 2014: 257). Жәңгір хан қоғамдық жерлерді біртіндеп жеке адамдардың иелігіне өткізе бастады. Жер әуелі ханға қызметі жаққан сұлтандар мен билерге, өз ағайындарына үлестірілсе, кейін бай қазақтарға ақшаға сатылды. Мысалы, Қарауылқожа Бабажанов Каспий теңізінің солтүстік жағалауындағы 700 мың десятина, ноғай руын басқарушы Шомбал Ниязов 1 млн. 800 мың десятина, сұлтандар Шыңғали және Мүшеғали Ормановтар Қамыс-Самар көлдері маңайынан 700 мың десятина, сұлтан Мендігерей Бөкейханов – 400 мың десятина, Беріш руының басқарушысы Балқы Құдайбергенов 300 мың десятина жерге ие болды. Осылайша, 4 млн. 700 мың десятина жер хан, сұлтандар мен рубасылардың иелігіне өтіп, халықтың пайдалуына барлық жердің 1/3 бөлігі ғана қалды. 1830-1845 жылдар аралығында Жәңгір хан жеке тұлғаларға жерді меншіктеу құқын беретін 1517 грамота үлестірді (Рязанов, 1991: 9). Осылайша, жерге жеке меншікті қалыптастыруға бағытталған Жәңгір хан реформасы қазақ қоғамында жаңа таптық, яғни нарықтық қатынасқа бағытталған жеке меншік жер иеленушілер табының түзелуіне қажет алғышарттарға жол ашты. Ашық және зорлық әдістер арқылы жүргізілген бұл шара бұрын жерге жеке меншіктің не екендігінен хабарсыз еркін рулық қауым мүшелерінің мүддесіне қайшы келді. Көне заманнан бері қалыптасып келе жатқан негізгі құқықтарына қауіп төнгендігін байқаған еркін қауым мүшелері Жәңгір хан жүргізген әлеуметтік реформаға қарсы қолдарына қару алып, көтеріліске шықты. 2. Жәңгір хан өзін жақтаушыларға әкімшілік орындарды

бөліп беру кезінде үлкендерден гөрі жасырақ сұлтандар мен старшындарға көбірек көңіл бөлді. Ал, халық болса, өкімет басынан көбірек тәжірибе жинақтап ысылған, көпті көрген көнелер мен ескі салт-дәстүрді жақсы білетін адамдарды көруге дағдыланып кеткен-ді. Ордадағы басшы қызметтерге жастарды тағайындау және олардың халықпен тәкаппар сөйлесуі, ел ішінде ханға деген өкпе-наз бен наразылықтың тууына себеп болды. Кезінде губернатор Эссен Жәңгір ханның назарын осыған аударып, халықтық дәстүрге абай болуға кеңес берген болатын (Исатай Тайманұлы азаттық күрес сардары, 2016: 39).

3. Көтерілісшілердің ханға наразылығының бірі - Жәңгірдің 1833-жылы Қарауылқожа Бабажановты бұрын старшын Исатай Тайманұлының қарауында болған Каспий теңізінің солтүстік жағалауындағы жерлерге басқарушы етіп тағайындауы болды. Қарауылқожа Бабажанов қарапайым халықты езуші ретінде, ірі өсімқор-саудагер ретінде, хан саясатын қолдап, оны жанын сала орындаушы ретінде белгілі еді. Ол өзінің Каспий теңізі жағалауындағы жерлерінде қоныстанған шаруалардан өз пайдасына әр 3 жылқыдан – 2 сом, әр үйден – 2 сом, әр старшинадан – 1 жылқыдан жинаттырды (Народно-освободительное движение казахов в 1836-1838 гг. 1992: 25). 1834 жылы Қарауылқожа қазақтардан 400 тоқты жинап алып, помещиктерге 100 мың бума қамыс дайындады. Алған қойларының көбі Қарауылқожаның өзінде қалды. 1835 жылы граф Безбородконың жерін қыстаушы қазақтардан 10000 сом жинатып, оның 9000 сомын өзі иеленді. Қарауылқожаның 2 жылда тапқан пайдасының өзі 12 мың сом болған (Есмағамбетов, 2003 :56) Халықта ежелден келе жатқан көзқарас бойынша Қ. Бабажановтың қожа тұқымынан шығуы себепті, оның қазақ руларын басқаруға хақысы жоқ еді. Алайда, Бабажановты тағайындау жөнінде шешім қабылдаудың алдында және одан кейін ханға жолданған топ болып жазылған арыздар мен ескертулер ескерусіз қалды. Осыдан кейін әбден ашынған халық бұқарасы ашық қозғалысқа шықты. 4. Хан ордасына жиналатын 2 түрлі алым – салық та халыққа үлкен ауыртпалық әкелді. Алым-салықтың бірінші түрі – мемлекеттік салық-зекет, ал, екіншісі, хан ордасын асырауға арналған - соғым болды. Зекеттің мөлшері төмендегідей болып тағайындалды: 5 түйеден – 1 қой, 10 түйеден – 2 қой, 30 сиырдан – 1 өгіз, 60 сиырдан – 2, 40 қойдан – 1 қой, 120 қойдан – 2 қой. Зекеттен бір жылда хан ордасына 82 мың сомдай ақша мөлшерінде немесе 4 мың жылқы жиналатын. Соғым ханға әр үйден жиналды. Соғым арқылы ханға жылына 10 мың сом ақша түсетін (ҚР ОМА, 1974: 309-310). Тек 1836-жылы Жәңгір ханға елден 18000 қой, 800 өгіз, 1000 жылқы, 700 түйе жиналды (ҚР ОМА, 2231: 669). Мұның өзі ханның өз заманында ірі феодал болғандығын көрсетеді. Жәңгір ханның Петербургке баратын сапарларының бар шығыны да елден жиналды. Одан басқа елден киіз, жүн, былғары және басқалар жиналған. Мысалы, 1836 жылы хан 500 киіз жинатқан. Жыл сайын хан сарайына өткізілуге тиісті алым-салық қазақ шаруаларына ауыр тиді. Ноғай руы – 40000 сом, Қызылқұрт – 30000, Байбақты – 40000, Жаппас – 30000, Беріш – 60000, Шеркеш – 50000, Алшын – 40000, Адай – 25000, Жетіру – 20000, Есентемір – 10000 сом ақшалай салық төлеуге тиіс болды (Шамғонов, 2019: 35-36). Алым-салықты жинаушы сұлтандар мен билер де өздерін «ұмытпай», алым-салықты артығымен жинайтын. Көп мөлшерде жиналған әртүрлі салықтар халықтың әлеуметтік жағдайына әсер етіп, олардың феодалдарға деген наразылығын күшейтті. Орынбор генерал-губернаторы Перовский Жәңгір ханға жазған хатында: «Исатайлықтар жеңіл-желпі себептермен атқа қонатын жай айқайшыларға ұқсамайды. Мұндай адамдар қайғы-қасіретке ұшырататын әрекетке асығыс бара қоймайды. Сіз басқаратын ордадағы сұлтандар мен билердің қазақтардың басым көпшілігіне істеп отырған қысымшылықтардың шектен шыққаны маған енді ғана мәлім болып отыр. Басқа нәрселерді айтпағанның өзінде, әртүрлі себептермен қазақтардан өндірілетін есеп-қисапсыз алым-салықтарды ғана есіңізге саламын», – деп жазды. 5. Бөкей ордасындағы қазақтар феодалдық езгіге қоса патша өкіметінің отаршылдық озбырлығынан да үлкен зардап шекті. XIX ғасырдың 20-жылдарынан бастап Каспий теңізінің солтүстік жағалауындағы 300 мың десятина жерді иемденген князь Юсупов, граф Безбородко сияқты помещиктер қар қалың жауып, қыс қатты болған жылдары қазақтардың малдарын қалың қамыс арасын ықтындап, паналауға жібермеді (ҚР ОМА, 51: 55-70). Жіберген жағдайда сол үшін мал беріп, ақша төлеуі қажет болды. Өте суық болған 1833-1834 жылдың қасында К. Юсупова 6 мың сом, князь Б. Юсупов 1000 сом ақша төлеуді талап етті. Әйтпеген күнде оларды қысқы орындарынан қуып шығамыз деп қорқытты. Әсіресе, 1834-1835 жылдың қысында саяжай басқарушыларымен жасалған келісім-шарттың баптары қазақтар үшін өте ауыр болды. Онда қазақтар малдарымен бірге қыстап шыққаны үшін ақша төлеуге және 100000 бау қамыс шауып, оны ватагаларға апаруға, сонымен бірге Жамбайға жақын жердегі қазақтар малдарын қыстатқаны үшін 25 мың бау қамыс дайындауға тиісті болды (Кенжалиев, 1991: 135). Қыста қазақтар тек киіз үйлерде тұратын, ағаш үй салуға рұқсат етілмеді. 1815-1823 жылдарда Бөкей ордасын басқарған Шығай сұлтанның ағаштан салдырған үйі 1825 жылы Орынбор генерал-губернаторының жарлығымен құлатылды (ҚР ОМА, 8: 14-15). Сол сияқты сұлтан Шөке Нұралиевтің

Қамыс-Самар көлдеріне жақын жерде салдырған үйі де Орал әскери кеңсесінің тәртібімен бұзылды. б. Жайық әскери кеңсесі Үлкен және Кіші Өзендер мен Қамыс-Самар көлдері маңайындағы мал жайылымы үшін қолайлы жерлерді қазақтардан өздеріне еріксіз алып қойды. Қыс қатты болған жылдары қазақтар малдарын жоғарыда аталған көлдердің жағалауындағы қалың қамыс арасына айдап апарып, оларды суықтан үсіп өлуден сақтауға тырысты. Казактар болса, олардан сол үшін мал не ақша талап етті. Сонымен бірге, қазақтарға көлден балық аулауға, ащы көлдерден тұз өндіруге де рұқсат етілмеді. Мұндай әділетсіздікті патша үкіметінің шенеуніктері де көріп мойындады. Бұл туралы сенатор Энгель граф Нессельродеге «Қырғыздардың (қазақтардың – автор) көрген зәбірлері үшін шағымдануға толық құқығы бар. Себебі, Орал әскерлері зорлықпен өзгенің жеріне қол сұқты», – деп жазды (Бекмаханов, 1966:47). Бұл жағдайлардың қай-қайсысы да қазақ шаруаларының үлкен наразылығын туғызды.

Осы себептердің бәрі 1836-1837 жылдардағы Бөкей ордасындағы көтерілістің сыйпаты жағынан хан-сұлтандардың, билер мен байлардың және қожалардың феодалдық езгісіне және патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы бағытталғандығын көрсетеді. Қорыта айтқанда, Бөкей ордасында болған көтерілістің шығу себептері – патшалық биліктің тікелей қолдауына сүйеніп, Жәңгір хан жүргізген әлеуметтік тұрғыдан әлсіз және әділетсіз реформалардың салдары болды.

Бөкей ордасындағы 20-ға жуық, яғни барлық ру қазақтарының көтеріліске қатынасуы – оның жалпықазақтық сипатта болғандығын көрсетеді. Көтерілістің ерекшелігі де осында болатын. Оның қозғаушы күштері 2 жақты қаналған қазақ шаруалары еді. Сонымен бірге, көтеріліске Жәңгір ханның елді басқару саясатына наразы старшындар мен билер де қатынасты. Көтерілістің мақсаты - Жәңгір ханның халыққа жасап отырған озбырлығына шек қою, шаруалардың жағдайын жақсарту, Қарауылқожа, Балқы Құдайбергенов сияқты зұлым билерді биліктен тайдыру, жер мәселесінде белгілі бір келісімге келу болатын.

Көтерілісті батыр Исатай Тайманұлы (1791-1838 жж.) мен атақты ақын Махамбет Өтемісұлы (1803-1846 жж.) басқарды.

Исатай 1808 жылы әкесі Тайманмен бірге Жайық өзенінен өтіп Ішкі ордаға қоныстанған болатын. Ар-намысқа берік, жауына қатал, өз еліне мейірімді, жалпақ жұртты соңына ерте алатын нағыз көшбасшы Исатайды Бөкей хан 1812 жылы 12 наурызда Беріш руына старшын қызметіне тағайындады. Ал Орынбор генерал-губернаторы 1814 жылы 12 қарашада Бөкей ханның бұл шешімін ресми бекітті (ООМА, 1127: 1).

Шығай сұлтан Бөкей ордасын басқарған кезде Исатай Тайманұлына жазықсыз жала жабылып, ол 1817 және 1823 жылдары Сарайшық және Орал түрмелерінде жатып, кейін ақталып шығады. Әуелгі кезде Жәңгір хан халық арасында беделі зор Исатайды Ордадағы жауапты істерге жұмсайды. Атап айтқанда, 1826 жылы Ордаға Бұқар елшісі келген кезде Жәңгір хан Исатайға елшіні Ордада бастап жүруді тапсырады.

Дей тұрғанмен, XIX ғасырдың 30-жылдарының орта кезінде Исатай мен Жәңгір хан арасында келіспеушілік анық байқалды. 1834 жылдың маусымында Жәңгірдің хандық құрғанына 10 жыл толып, үлкен той болады. Осы жиындағы би сайлауы кезінде Жәңгір мен Исатай арасында келіспеушілік болып хан Исатайға 60 атан айып тарттырып, оны Каспий теңізі жағалауындағы шұрайлы қонысынан айырып, суы жоқ Нарын құмына жер аударады.

Көтерілістің рухани көсемі Исатайдың жауынгер серігі, ержүрек ақын Махамбет Өтемісұлы болды. Ол ана тілінен басқа орысша, татарша да сауатты еді. Оның азаматтық көзқарасы ерте қалыптасты. Махамбет бірнеше рет Хиуада болып, біраз уақыт Орынбор қаласында тұрды. Ол белгілі орыс жазушысы, әрі этнографы В.И. Дальмен, саяхатшы-ғалым Г.С. Карелинмен жақсы таныс болды. Махамбет 30-жылдардың алғашқы жартысында Жәңгірдің сарайында тұрып, хан отбасына жақын болды. Ақын ретінде кейін Махамбет көтерілісшілердің мүддесін айқындап, оларды әлеуметтік теңдік жолындағы күреске жұмылдырды.

І-кезеңде көтеріліс Бөкей ордасының оңтүстігінде Каспий теңізінің солтүстік жағалауында басталды. Негізінен князь Юсупов пен граф Безбородконың иеліктерінде болған бұл жерлер қазақтар үшін тұрмысқа қолайлы және малдарын жайып - бағуға өте ыңғайлы болатын. XIX ғасырдың 30 жылдарының орта кезінде халық тығыз орналасқан бұл аймақта хандықтағы шаруалардың үштен бірі, яғни 7 мыңдай үй болған. Қысты күндері қазақтар қамысы мол теңіз жағалауына малдарын әкеліп, қаһарлы аяздан қорғауға тырысатын. Кей жылдары бұл өңірге 200 мыңдай жылқы, 500 мыңнан астам қой әкелінетін (АОМА 41: 245).

Хан ордасынан әлдеқайда қашық бұл жерді кезінде старшина Исатай Тайманұлы басқарған болатын. Енді бұл аймақтың халқы Жәңгір ханға және оның қол шоқпары Қарауылқожаға қарсы көтерілді.

1835 жылы 2 шілдеде Исатай Тайманұлы, Уса Төлегенов, Тінәлі Тайсойғанов, Қарауылқожа Бабажановтың озбыр билігіне тыйым салуды және халықты одан қорғауды ханнан талап етіп, шағым берді (ҚР ОМА, 1965: 2). Бірақ хан Исатай мен басқа да старшындардың талаптарын орындаудан бас тартты. Осының бәрі Исатайдың ханға, Қарауылқожаға және басқа да халықты қанаушы феодалдарға қарсы наразылығын күшейтті. Ол жерсіз қалып күйзелген, озбырлыққа душар болған халық мүддесін қорғап, әлеуметтік теңсіздікке қарсы күресті бастады.

1836 жылдың ақпан айында Исатай өзіне қарасты ауылдарды қыстаудан көшіріп алып, көтерілісшілердің үлкен жасағын құрды. Мұны естіген Жәңгір Исатай мен Махамбетті хан ордасына шақырды (ҚР ОМА, 1974: 230). Алайда, Исатай ханның шақыруына барудан бас тартты. Осыдан кейін 1836 жылдың 17 ақпан күні Жәңгір хан Қарауылқожаға көтеріліс басшыларын тұтқындауды тапсырды. Қарауылқожа 800 шаруадан қарулы топ құрып Исатай батырдың Манаштағы аулына жақындап келеді. Исатай Тайманұлы жақсы қаруланған 200 жігітті бастап оларға қарсы шығады (Бекмаханов, 1966: 53). Қарауылқожа үлкен шайқасқа шығуға бата алмай кейін шегініп, өз жасағын таратып жіберуге мәжбүр болады. Осыдан кейін Исатай батырдың көтеріліс басшысы ретінде халықтың алдындағы беделі бұрынғыдан да арта түседі. Исатай Тайманұлы, Махамбет Өтемісұлы және басқа да көтеріліс басшылары ауылдарды аралап, Қарауылқожа Бабажанұлын биліктен тайдыруға, ханның жарлықтарын мойындамауға шақырады.

1836 жылдың көктемінде Жәңгір хан Орынбор шекара комиссиясына жазған хатында Исатай мен Махамбетті «өте зиянды адамдар» деп сипаттап, оларды орда аумағынан шығарып жіберуді сұрайды.

Енді Жәңгір хан мен оның төңірегіндегілер көтеріліс басшыларына жала жабуға көшеді. Олар Исатай мен Махамбет Күшік Жапаров деген қарт бақташыны өлтіріп кетті деген жалған сөз таратады. Шын мәнінде бақташы найзағай түсіп қайтыс болған 80 жастағы кісі еді. Жәңгір хан Исатай мен Махамбет Бөкей ордасында көтеріліс ұйымдастырып, кісі өлтірді деп Астрахан және Орынбор губернаторларына арыз түсіреді. Осы арызға байланысты құрылған тергеу комиссиясы Исатайдан, Махамбеттен және басқа да көтерілісшілерден жауап алып, оларды қыспаққа салғанымен, өздерінің түпкі мақсаттарына жете алмайды, өйткені тағылған айып жалған болатын.

1836 жылы маусым айында Исатай Тайманұлы 18 жолдасымен өздерінің талаптарын тапсыру үшін хан ордасына жақындап келеді. Мұны естіген Жәңгір хан Астрахан губернаторы Тимирязевтен көмек сұрап, өзін қорғауды өтінеді. Сонымен бірге хан Исатайға елші аттандырып, Толыбай шатқалында олардың Жақия Исатайұлы қағазға түсірген талаптарын алып қалады. Талапта Қарауылқожаның озбарлығымен бірге Балқы бидің зұлымдығы туралы да жазылған болатын. «Балқы би бізді басқара бастағаннан бері халық арасында тыныштық пен тәртіп орнатуға қам істемеді және қазақтар арасында дауды заң ережесі бойынша анықтамады. Би Балқы Құдайбергенев кедей адамнан ешбір шағым қабылдамайды, ол ауқаттылардан ақша алып, ісін тез және тергемей-ақ бітіреді - дей келе оны жұмыстан босатуды сұрайды (Кенжалиев, 2003: 114). Елшілер көтерілісшілердің бұл талаптарының орындалатындығына уәде бергенмен, хан берген уәдесінде тұрмады. Мұның өзі Жәңгір ханның халық алдындағы беделіне үлкен нұқсан келтірді. Тимирязев Бөкей ордасындағы шиеленіс туралы Санкт-Петербургке хабарлайды. Бұл хабар император І-Николайға жетіп, патша көтеріліс басшыларын қатаң жазалауды талап етеді.

1836 жылдың күзінде Исатай батыр әртүрлі рулардың ауылдарын аралап, Жайық казак әскерлерінің иемденіп отырған жерлерін өз бетімен тартып алуды шақырады. Ол хандық кеңесті де, Қарауылқожаны да, Балқы Құдайбергеновті де мойындамайды. Көтеріліске байланысты мәселелерді өзі шешеді. Осы кезде сұлтан Медет Шөкин Жәңгір ханға «Көтерілген шаруалар ешкімге бағынбайды, өз алдына бір Республика», – деп жазады (ҚР ОМА, 1964: 95).

1837 жылдың бас кезінде көтерілісшілерге Байбақты руының беделді старшыны Жүсіп Жантеліұлының қолы келіп қосылады. Сөйтіп, көтерілісшілер саны ұлғая түседі. Орынбор шекара комиссиясы ханға және патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы кең өріс ала бастаған көтерілістің басшылары Исатай мен Махамбетті ұстап, сотқа тартуды талап етеді. 1837 жылы 11 маусымда бір топ көтерілісшілер генерал - губернатор В.А. Перовскийге өтініш – шағым жолдайды. Онда мынадай жолдар бар: «Жәңгір хан әділ билік жасамайды, елге қысым көрсетеді, сұлтандар мен билер бізді қинайды. Олар біздің малымыз бен нәрселерімізді тартып алып, қара халықты жәбірлеп, қорлап, сабап, тіпті жарақаттайды. Сұлтандар мен билер халыққа ойына келгенін істейді, хан олардың қиянаты туралы жазған шағымды қабылдамайды» (ҚР ОМА, 1964: 332-345). Губернатор мәселені талқылау үшін Исатай Тайманұлын Орынборға шақырады. Алайда, мұның көтеріліс басшысын тұтқындау жолындағы айла екендігін жақсы түсінген Исатай Орынборға бармайды.

1837 жылдың күзінде көтерілісшілер ірі феодалдардың ауылдарын шабуды күшейтеді. Атап айтқанда, құрамында 200 сарбазы бар жасақ Қарауылқожа Бабажанұлының ауылын шауып, мал-мүліктерін алып кетеді. 50 адам, соның ішінде 2 сұлтан тұтқынға алынады. 1837 жылдың қазан айының 15-күні Исатай мен Махамбет батырлардың басшылығымен қимылдаған қол Теректіқұм деген жерде Жәңгірдің сыбайласы Балқы Құдайбергенұлының ауылын ойрандайды (Кенжалиев, 2003: 121). Көтерілісшілердің келесі бір шағын жасағы сұлтан Медетқали Шоқаұлының ауылын шабады. Олардан тартып алынған мал-мүліктер кедей қазақтарға бөліп беріледі.

Қазан айының аяғында саны 2 мыңға жеткен көтерілісшілер Жәңгір ханның резиденциясын қоршайды. Бұл кезде көтеріліс шарықтау шегіне жетіп, бүкіл Бөкей ордасына жайылған болатын.

Әбден үрейленген хан көтерілісшілермен келіссөз жүргізуге Исатайдан 10 күн мерзім сұрауға мәжбүр болады. Көтеріліс басшысы келіссөз жүргізуге келіседі. Жәңгір хан 10 күн мерзімді өз мақсатына тиімді пайдаланып, Орынбордан, Оралдан, Астраханнан көтерілісті басып – жаншу үшін әскер сұраумен болады.

Келіссөзге байланысты көтерілісшілердің пікірі екіге жарылады. Махамбет бастаған көтерілісшілердің бір тобы – Үбі, Сегіз Сері, Қабыланбай, Науша Қаржауұлы, Сарт Еділұлы және басқалар ешқандай уақыт бермей хан ордасын дереу шабу керек, – деген талап қояды. Исатай олардың талаптарын қабылдамағаннан кейін біраз көтерілісшілер Кіші жүзге қайтып кетеді.

1837 жылы 2-қарашада ханның қолына 620 адам қол қойған жаңа талап-петиция табыс етіледі. Көтерілісшілер Жәңгір ханнан Қарауылқожаны, Балқы биді өз төңірегінен қуып жіберуді, билікті ру старшындарының қолына беруді талап етеді. Сондай-ақ, бұл арызда сұлтандардың, билердің, қожалардың зорлығы, есепсіз алым-салығы, шаруаларды ұрып-соғып жәбірлейтіні, дүние-мүлікті тартып алатыны туралы да айтылады. Егер ханға қойылып отырған талаптар орындалмайтын болса, көтерілісшілер бүкіл ауыл аймағымен Ішкі орданы тастап, көтеріле көшіп кететіндігі ескертіледі.

Көтеріліс басшысы Исатай Тайманұлының хан ордасын шаппауының өзіндік себептері бар еді. Алдымен, Исатай хан ордасын шауып, Жәңгір ханды өлтіруді мақсат еткен жоқ. Исатай Жәңгір ханның патша үкіметінің әскерін шақыртуы мүмкін екендігін, егер патша әскері ханға көмекке келген жағдайда көтерілісшілердің оларға қарсы қоятын үйретілген әскері де, қару-жарақтары да жоқ екендігін ескеріп, халық талабын ханнан тек айбармен, қысыммен орындатуға әрекет жасады. Бұл жерде Исатай батыр XVIII ғасырдың 90-жылдарында Сырым Датұлы бастаған көтерілісшілердің Есім хан ордасына шабуыл жасап, оны өлтірсе де өздерінің түпкі мақсаттарына жете алмай ыдырап кеткендіктерін, сөз жоқ, ескерді.

Хан ордасындағы жағдаймен хабардар Орынбор генерал-губернаторы В.А. Перовский Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған көтерілісшілерді жою жоспарын жасайды. 1837 жылдың 18 қазанында Орынбордан көтерілісшілерге қарсы бүкіл операцияны үйлестіріп, басқару үшін арнайы тапсырма орындаушы подполковник К.К. Геке жіберіледі. В.А. Перовский Гекеге мынадай бұйрық-хат береді: «Сізді хан ордасына жібере отырып, Исатай Тайманұлын, Махамбет және Қожахмет Өтемісұлдарын, Уса Төлегенұлын, Иманбай Қалдыбайұлын, Сарт Еділұлын ұстап, Тайманұлының шайқасын қуып таратуды бұйырамын». Жәңгір хан Перовскийге 1837 жылғы 19 қазанда жазған хатында өзінің Астраханнан әскери көмек сұрағанын жазады. Ол Перовскийден «Исатай тобын күшпен жоюды, оның басты сыбайластарын тұтқындауды сізден бас иіп өтінемін. Сізге шын берілген, бас иген құлыңыз Жәңгір хан» деп жалынады.

30 қазанда хан ордасына жеткен Геке 5 қарашада В.А. Перовскийге хат жолдап, хан ордасындағы жағдайды хабарлайды: «8 шақырым жерде тұрған тобырлардың шабуыл жасауынан қорыққандықтан хан ордасын үрей жайлағандығына көзім жетті. Тайманов ханмен келіссөз жүргізіп, халықтың атынан Қарауылқожа мен басқаларды орнынан алуды талап етті. Екі жақтан да келіссөзге адамдар жіберіліп, шарттарын қойысуда» .

Геке көтерілісті басу туралы В.А. Перовскийге былай деп жазады: «Қазақ даласына жорық жасау үшін 600 орыс-казак әскері дайын. Олар 200-ден үшке бөлінген; 1-сі Зеленый қамалынан, 2-сі Кулагино қамалынан, 3-сі Горскі бекінісінен шығып, Теректі құмға барады. Кейін, күшейту үшін Орынбор атқыштар корпусының №2,3,4 полктерінен 390 орыс-казак 31 қазанда оларға қосылады. Көтерілісшілердің Жайықтан өтпеуі үшін Глинянск мен Калмыков қамалы арасына 150 орыс-казак әскері күзетке қойылады (Бердіғожин, 2011: 31).

Бұл кезде Орал қазақ әскерінің Төменгі Жайық линиясының бастығы ротмистр Акутиннің өзі 600 солдатты дайындап, 150 жазалаушы әскермен 29-қазанда Ішкі Өзен линиясына аттанады. Көтерілісті басатын қазақ әскерлерін басқару үшін генерал Покатилов 6 есаул, 12 урядник, 5 жүзбасы жібереді. Жәңгір ереуілшілер екпінінің қатты екенін ескеріп, Астрахан губернаторынан зеңбірек сұратады. Астраханнан подполковник Алиев бастаған 300 атты қазақ пен бір зеңбірегі бар отряд хан

ордасына 10 қарашада келіп жетеді. Жалпы, көтерілісті басу барысында хан ордасында Астрахан орыс-казактарының 2 офицері, 4 уряднигі, 100 орыс-казак әскері, Жайық орыс-казактарының 1 офицері, 1 уряднигі мен 25 орыс-казак әскері, барлығы 133 орыс-казак болған (Кенжалиев, 1991:76)

Гекенің нұсқауымен подполковник Меркульев бастаған 400 қазақ Жайық линиясынан тура Жаманқұмға тартады да, бұларды естіп қаша көшкен Исатайдың, т.б. көтерілісшілердің отбасын қолға түсіреді.

Исатай 5-қарашаға қарай түнде Жасқұсты тастап, 300 адаммен Жаманқұмға кетеді. Исатай ауылын оңай қолға түсірген Меркульев кейіннен Исатайдың қоршауы салдарынан, оның отбасы мен ауылын босатып жіберуге мәжбүр болады. Меркульев Гекеге: «Күшім артық болса да, соғысуға тәуекел етпедім. Өйткені, соңымыздан келетін артиллерия әлі жеткен жоқ еді, сондықтан бостан-бос адам шығыны болмасын деп ойладым», – деп жазған (ҚР ОМА, 1964: 278).

Жәңгір хан Геке отряды жанындағы 400 қазақ атты әскерін басқаруды сұлтан Шөкі Нұралыханұлына тапсырады.

7 қарашада Геке 450 адамымен хан ордасынан шығып, Теректі қонысына қарай жүреді, жолшыбай линиядан келген 234 адамнан құралған отрядты, одан кейінгі екі зеңбірекпен келген 48 солдатты қосып алады.

Геке 12-қарашада Теректі құмына, ал 13 қарашада Жаманқұмға жетіп, Меркульев отрядымен кездеседі. Нәтижесінде бұл отряд 400-ден астам хан жасақтары мен 700 солдаттан құралады. Енді жазалаушы отрядтардың негізгі күші бірігіп, олардың саны 2000-ға жетеді (Сарай, 2012: 284). Сол арадан 25 шақырым жердегі Бекетайға, одан 15-қараша күні таңда Тастөбеге келеді.

Ұрыстың алғашқы кезеңі туралы Геке В.А. Перовскийге былай деп жазған: «Кенеттен төрт шақырымдай жерден аттылы жігіттердің үлкен тобы шыға келді. Орындарынан жанұшыра тұра келген отряд адамдары (Геке адамдары-автор) аттарына міне сала, соларға қарай беттеді. Жақындағанда сайдың тасындай 500 аттылы жігіттің қоршауында биіктеу төбе үстінде қасқая қарап тұрған Исатай Таймановты бірден таныдым. Біз ілгері жылжи түскенмен Исатай қаймығар түр байқатпады, керісінше оның жағынан бірнеше жігіт алға шығып, орыс отрядына аттарын ойкастата қыр көрсеткендей түр байқатты». Көтерілісшілер жазалаушылар әскеріне қарсы оқ ата бастайды. Геке зеңбіректен ядромен атуға бұйрық береді. І-ші ядро олардың ортасына түседі. Осыдан соң қаны қызып, арқасы ұстаған батыр зеңбіректі әскерге қарсы өзі бастап ашықтан-ашық ат қояды. Шабуылдың тұтқиылдан жасалғаны соншалық, оны күтпеген жазалаушы отрядтың бір шеті ойсырыла кейін шегінеді. Алғашқы кезде тыпыршып алға ұмтылғыштап шайқасуға асыққан солдаттардың берекеті кетіп, сасқалақтап қалады. Мұны Гекенің өзі де «Атқа жақсы отыратын және найзаны шебер ұстайтын қазақтар солдаттардың қатарын қаусата берді. Солдаттардың ә дегенше пысы басылып қарқыны қайтып, сапы сейіле бастады. Біздің арамызда абдырау пайда болды», – деп мойындайды (Шамғонов, 2018: 76). Осының бәрі көтеріліс көсемі Исатай Тайманұлының зеңбіректермен қаруланған әскермен ұрыс жүргізу тактикасы болатын. Исатайдың пікірінше атқа жақсы отыратын және найзамен шебер соғыса алатын көтерілісшілер ұрыстың алғашқы кезеңінде тұтқиылдан шабуыл жасап, жазалаушы әскерлердің есін жиғызбай зеңбіректерге жетіп, оларды істен шығарып, зеңбірекшілердің көзін жою болса, одан әрі ширақ қимылдап солдаттардың да көзін жоюға болады. Өкінішке орай, Исатайдың бұл жоспары жүзеге аспай, көтерілісшілер зеңбіректерге жете алмады. Геке екі зеңбіректен көтерілісшілерге дәл көздеп атуға бұйрық берді. Қалың топтың ортасына 2-3 мәрте түскен зеңбірек оқтары көп адамды қырып салды. Кейін шегінген көтерілісшілерді солдаттар 7 шақырымға дейін қуады, бірақ көтеріліс басшыларын ұстай алмады. Орынбор генерал губернаторы В.А. Перовский Гекеге Исатайды тірідей ұстағанға 500 күміс ақша, ал өлтірген адамға сол ақшаның жартысын беріп марапаттау туралы бұйрық берді. Бірақ ешкімде Исатайды жау қолына ұстап бермеді. Ұрыс барысында 50-60 адам өліп, Исатайдың Мылқым деген әйелі мен Ақай деген баласы қаза тапты.

Осылайша көтерілістің І-ші кезеңінің соңы болып табылатын Тастөбедегі шайқас жеңіліспен аяқталды. Бұл шайқаста Исатай мен Махамбет батырлар бастаған көтерілісшілер қаһармандықтың асқан үлгісін көрсетті. Көтерілісшілердің жалаң қылышпен, шиті мылтықпен жазалаушылардың зеңбірекпен қаруланған әскеріне қарсы шабуылды бірінші бастауы – олардың отарлық және феодалдық езгіге қарсы ыза мен кекке толы күресінің айқын көрінісі еді. Тастөбе ұрысы – азаттық жолында жаңқиярлық шайқастың символы ретінде қазақ халқының санасында мәңгі сақталады.

15 қарашада Тастөбедегі шайқаста жеңілген көтерілісшілер әр жаққа шашылып, бытырай берді. Көтеріліс басшыларының төңірегінде сенімді деген адамдар ғана қалды. Енді олардың да Бөкей ордасында қалуы өте қауіпті еді. Жазалаушы әскерден құтылудың бір – ақ жолы болды. Ол – Жайық өзенінің шығыс бетіне, Кіші жүзге өту еді. Алайда, ол үшін Жайық мұзының қатуын күту керек

болды. 1837 жылдың қараша айының соңына таман Исатай мен Махамбет бастаған шағын топ «Қаныш моласы» деген жерде өзара кеңесіп, төменгі Жайық шебі тұсынан Кіші жүзге өту керек деген тоқтамға келеді. Көтеріліс басшыларын үзбестен іздеп жүрген жазалаушыларды шатыстыру үшін бұл топ Жайықтың Бұқар бетіне Александров-Гай мен Өзен линиясының жолымен Сахарный бекінісінен жоғары жерден Жайықтан өтеді, деген лақап тарату қажет деген шешімге келеді. Кеңесте бұл лақапты тарату Исатай мен Махамбеттің жақын серіктерінің бірі – Қабыланбай батырға жүктеледі. Қабыланбай 1837 жылдың қараша айында көтеріліс басшыларын жазалаушылар тұзағынан құтқару үшін өз өмірін құрбандыққа шалып, ерліктің ерекше үлгісін көрсетті. Ол тапсырманы орындау мақсатында жазалаушылардың қолына түседі. Оны подполковник Гекеге алып келеді. Қабыланбайдың айтуынша, «Қаныш моласы» маңындағы болған кеңесте көтерілісшілер Орталық дистанцияға аттанып, Сахарная бекінісінің жоғарғы жағынан Жайықтан өтуді ұйғарады. Ол үшін Исатай мен Махамбет бастаған отряд Александров-Гай мен Өзен линиясы аралығы арқылы жүруге шешім қабылдады. Қабыланбайдың осы жауабынан кейін Геке И. Таймановтың Өзенге қарай өтетін жолын аңду туралы бұйрық береді. Шындығында, Қабыланбайдың барлық әрекеті және оның берген жауаптары жазалаушы әскерлерді басқа бағытқа сілтеу мақсатында ойластырылған іс болатын. Геке Қабыланбайды Орал түрмесіне аттандырады. Кейін Оралдағы әскери сот Қабыланбайға 1500 шыбық дүре соғып, жазасын Сібір каторгаларының бірінде өтеуге үкім етеді. Халық үшін қам жеген қайран батыр сол Сібірден елге қайтып оралмайды.

Қабыланбай батырдың ерлігінің, әскери айласының арқасында Исатайлар Жайықтың қатуына да жетеді. Ендігі алда тұрған міндет – Жайықтың шығыс бетіне - Кіші жүзге өту еді. Жайық бойын жақсы білетін Исатайдың бала кезіндегі досы Құрақ Маябасовтың көмегімен Исатай мен Махамбет бастаған 36 адам 1837 жылғы желтоқсан айының 13 күні таңғы сағат 4 шамасында көз көрмес қарлы боранды пайдаланып, «Жаманқала» қамалының жоғарғы жағындағы 5-6 шақырым жердегі «Сарытоғай» тұсынан жаңа қатқан мұздың үстімен Азия бетке өтеді (ҚР ОМА, 1964: 252-254, 396-398).

Исатайдың Жайықтың Азия бетіне өткендігін білген Жаманқала бекінісінің бастығы хорунжий Жигин, жүздіктер Пономарев пен Поповтар Исатайларды 50 шақырымға дейін қуып, оларды таба алмай кейін қайтады.

Сарайшық бекінісі маңындағы Баймағамбет сұлтан да казак отрядымен қосылып, олардың соңына түседі. Жазалаушылар 50-60 шақырым жерге дейін қуса да, Исатайларды таба алмайды.

Осылайша қазақ халқының азаттығы жолындағы күрескерлер Кіші жүздің кең даласына аяқ басады. Олар Қабыланбай, Құрақ сияқты батырлардың жанқиярлық ерліктері арқасында ғана Бөкей ордасындағы жазалаушы жендеттердің қанды тырнағына ілікпей қалады. Алайда, патша үкіметі Құрақ Маябасовты ұстап, көтерілісшілерді Жайықтан өткізіп жібергені үшін қатаң жазалайды. Қабыланбай Қалдыбаев сияқты Құрақ Маябасов та әскери сотпен сотталып, Сібірге каторгаға айдалады. Өкінішке орай, олар сол кеткеннен туған елге қайтып оралмады.

Нәтижелері. Исатай мен Махамбет батырлар бастаған топ Кіші жүзге келген кезде мұндағы әлеуметтік-экономикалық жағдай ауыр болатын. Кіші жүз саяси бірлігі ыдыраған, шаруашылығы артта қалған аумақ болды. 1824 жылы патша өкіметі Кіші жүзді 3 бөлікке (батыс, орта, шығыс) бөліп, басына билеуші сұлтандарды қойды. Билеуші сұлтандар Ресей шекарасына жақын жерде тұрып, елді орыс әскерінің қорғауына сүйеніп басқарды. Олар Орынбор шекара комиссиясы мен Орынбор губернаторлығына бағынды. 1831 жылы Кіші жүздің батыс бөлігінің билеуші сұлтаны болып сұлтан Баймағамбет Айшуақов тағайындалды. Оның тұрағы Елек өзенінің Жайыққа құяр сағасындағы Суықбұлақ деген жерде болды.

Б. Айшуақовтың ставкасы (басқару орталығы – автор) мен оның қарамағындағы Маңғыстау мен Үстірт 800 шақырымға дейін қашықтықта болды. Бұл жаққа сұлтан анда-санда, тек өкіметке бағынбаған адамдарды қуып, іздеп келетін. Жай келмей, қарулы отрядпен келіп, бейқам елді қырып-жойып талайтын. Бұлардың негізгі жұмысы елден соғым, зекет, түтін салығы секілді алым-салықтар жинау болды.

Отарлық езгі мен феодалдық қанау нәтижесінде Кіші жүз шаруаларының тұрмысы мейлінше күйзеліп, олар амалсыздан шекараға қарай, тіпті Ресейдің ішкі аудандары мен Башқұрт еліне қарай көшіп кетуге мәжбүр болды. Сонымен бірге Жайық өзені бойынан тыныштық таба алмаған қазақтар Жем өзеніне қарай, Шың, Үстірт, Сам далаларына көше бастады. Билеуші сұлтан Б. Айшуақовтың өзі бұл туралы «менің қарауымдағы қазақтардың бірқатары линиядан көшіп кетті, - деп Орынборға мәлімдеді (Рязанов, 1991: 91).

Кіші жүзді отарлау барысында патша өкіметі Жаңа Елек шебін құрды. Соның нәтижесінде Елек пен Жайық өзендері арасындағы шұрайлы жерлерден қазақтар ығыстырылып шығарылды. Табын руының старшинасы Жоламан Тіленшиев өздерінің қонысын қайтаруды үзілді-кесілді талап етті.

Оған Орынбор шекара комиссиясының төрағасы «... бұл аймақта тұз өндіруге келген қоныс аударушылар үшін мекен-жайлар, бекіністер салынған, сондықтан бұл жерлердің қазақтарға кейін қайтарылуы мүмкін емес», - деп жауап қайтарды. Қазақтарға шепке жақын жерден, орманда немесе сол маңайда пішен шабуға рұқсат етілмеді. Бұл жерлерде қазақтар дайындаған пішен де қазақтарға берілмеді, берілсе қымбат бағаға сатылды. Шекара басшылары мен казак әскерлері қазақтардың шекараға жақын жерде көшіп-қонуына және Жайық өзенінен балық аулауға рұқсат етпеді.

Патша әкімшілігі Кіші жүзде зорлық, ұрлық, күш қолдану мен талан-таражға жол берді. Әртүрлі сылтаулармен қазақ еліне әскери отрядтар жиі шығып, олар елді талап, мал дүниесін тартып алып, неше түрлі салық салды. Сондықтан Орынбор, Жайық казак әскерлерінен қырға отряд шықты дегенді естіген қазақтар елді тастап, жалма-жан қаша көшетін (ҚР ОМА, 280: 116). Орынбор генерал губернаторы В.А. Перовский Жайық казак-орыстарынан 550 адамнан отряд ұйымдастырып Мансуров, Данилевский сияқты полковниктердің басқаруымен «орыс қаруының күшін көрсету үшін» 1836 жылғы желтоқсан айында Маңғыстауға жібереді. Олар бейбіт отырған қазақтар қыстауының үстінен түсіп, екі жұма бойы талап, талқандап, көп дүние, малмен кейін оралады. Мұндай сорақылықтар қазақтардың отарлаушыларға деген наразылығын күшейте түсті.

Патша өкіметі қазақтарға түрлі салық салды. 1837 жылдан бастап Кіші жүз қазақтарынан түтін салығы деген жинала бастады. Әр үй 1 сом 50 тиын төлеуі керек болды. Кейде ақшаның орнына қой, бидай, тары, арпа алынатын болды. Ақшаның болмауына байланысты оның орнына әр үйден 6-8 пұт бидай жиналатын. Түтін салығын жинаушылар жиналған қойды базарға қымбатқа сатып, өздеріне үлкен пайда түсіріп отырды. Кедей қазақтар мұндай ауыр салықты төлей де алмады. Мұның өзі қазақтардың салық жинаушыларға деген ашу-ызасын туғызды.

Міне, Исатай мен Махамбет батырлар мен олардың серіктері Кіші жүзге өткен кезде мұндағы жағдай осындай еді. Жайықтан өткен Исатайлар Кіші жүздің кең даласында топ-тобымен, әр жерде жеке-дара әрекет етіп жүрген көтерілісшілердің басын біріктіріп, күш жинап патша мен хан әскеріне қарсы қайтадан күреске шығуды алдарына мақсат етіп қойды. Сонымен бәрге патша өкіметіне арқа сүйеген Кіші жүздің батыс бөлігінің билеушісі сұлтан Баймағамбет Айшуақовтан халықтың кегін алу да көтеріліс мақсаттарының бірі болды. Осылайша, Кіші жүздің батыс бөлігіндегі көтеріліс патша өкіметінің отарлық саясатына қарсы бағытталды.

Исатай мен Махамбет 1838 жылы көктем шыға Желтау, Доңызтау, Шошқакөл, Үстірт, Үлкен және Кіші Борсық құмдарына барып Әлім, Табын, Адай руларының адамдарын патша өкіметінің отарлық саясатына, сұлтан Б. Айшуақов бастаған жергілікті әкімдердің шектен шыққан озбырлығына қарсы үгіт жүргізіп, қазақ шаруаларын қолдарына қару алып отарлық және феодалдық езгіге қарсы күреске шақырды. Бұл туралы Баймағамбет сұлтанның өзі 1838 жылдың мамырдың 13-де Орынбор шекара комиссиясына «Исатай Шектінің Тілеу, Қабақ, Қаракесек тайпаларын аралап шаруаларды көтеріліске шақыруда» деп мәлімдеген. Исатайды ұстап берген кісіге 2000 сом сыйлық беріледі деп жарияланады (ҚР ОМА, 4197: 69).

Кіші жүз ауылдарын аралап жүрген Исатай кейбір рулардың арасында көптен бітпей келе жатқан даулардың бар екендігін байқайды. Бұл даулар халықтың басын құрап азаттық күреске жұмылдыруға үлкен кедергі еді. Сондықтан Исатай алдымен осы дауларды шешуді қажет деп табады. Сол даулардың бірі – Әлімнің Кете руы мен Адайлар арасында болатын. 1832 жылдан бастап Кетелер мен Адайлар Жем өзені мен Каспий теңізі аралығындағы Қаракұм деген шабындық үшін таласуда еді. 1838 жылдың сәуір айының бас кезінде Сам даласында үлкен жиналыс болып, осы жиында Исатай Әлімдерді Адайлармен келістіреді (ҚР ОМА, 1964: 527). Сонымен бірге Адайлар көрші түрікмендермен де араз болатын. Исатай батыр түрікмендерді Ресей отаршыларына қарсы күресте одақ ету үшін «Адай мен түрікмендерді сөйлестіріп, Сүйінқараны түрікменнің дегеніне көндіріп, бұл екі елді тағы біріктіреді» (Досмұхамедұлы, 1998: 48).

Исатай көтерілісті кең көлемде өрістету мақсатында Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсылардың бәрімен одақтасу қажет деп табады. Кіші жүзге өткеннен кейін Исатай батыр сұлтан Қайыпқали Есімұлымен күш біріктіру туралы шешімге келеді. Сұлтан Қайыпқали Есімұлы 1827-1829 жылдары Бөкей хандығы аумағында патша әкімшілігінің отарлық саясатына, Жәңгір ханға қарсы күрес ұйымдастырған. Сол үшін Орынбор түрмесіне қамалып, одан 1830 жылы қашып шығып, Хиуа хандығына келген-ді. Бұл кезде Қазақстанның оңтүстігі Хиуа хандығының қол астында болатын. Хиуа ханы Қайыпқали Есімұлын Маңғыстау ханы етіп тағайындаған. Қайыпқали 1836-1837 жылдары патша шенеуніктерінің Адай ауылдарына істеген зорлықтарына қарсы ұлт-азаттық күресті басқарады. Исатайдың Қайыпқалимен одақ болуының бір төркіні осында еді. Дегенмен, Исатай Тайманұлы Қайыпқалиға хандықты әперу емес, тек өзінің қолын нығайтып, жауды жеңудің жолын қарастыру үшін осындай келісімге келген болатын. Осылайша, 1838 жылдың көктемінде 1836-1837

жылдары біреуі Бөкей хандығында, біреуі Маңғыстауда патша өкіметінің отарлық саясатына қарсы халықтың азаттық күресін ұйымдастырған екі басшы өзара одақтасып, Кіші жүздегі халық қозғалысын бірігіп басқарады.

Қайыпқалидың, Исатай мен Махамбеттің Кіші жүздің батыс өңіріндегі қазақтарды азаттық күреске шақырған жанқиярлық еңбектері өз жемісін беріп, олардың қол астына 3000 мыңдай көтерілісшілер жиналады. Бұл жөнінде Баймағамбет сұлтан губернатор Перовскийге берген рапортында «...жыртқыш Исатай Таймановтың қашып жүрген Қайыпқалимен және Адай, Шөмекей, Табын т.б. рудың адамдарымен қосылып, 3 мыңға дейін қол жинағанын, сөйтіп Темір өзеніне жақын жерге келгенін және өз тобын әлде де толықтыра түсу ниеті бар екенін есіттім», – деп жазады (ҚР ОМА, 94: 5). Шілде айының басында Көкпектіден шыққан көтерілісшілер Қиылдың Ойылға құятын жеріндегі Ақшат деген жерге келіп орнығады.

Исатай мен Махамбет батырлардың Кіші жүзге өтуі осы өңірде сұлтан Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілістің әсерімен кең тарала бастаған шаруалар қозғалысымен қатар келген еді. 1838 жылдың басында Орталық Қазақстаннан Кіші жүзге қарай ығыса бастаған Кенесары отрядтарын Торғай бойын қоныстанған қыпшақ, арғын, кейіннен жағалбайлы, табын рулары қолдады. Елек өзені бойында көшіп жүрген батыр Жоламан Тіленшіұлының жасақтары Кенесарыға қосылуға бет алады.

Жоламан Тіленшіұлының жасақтарының Кенесары Қасымұлы бастаған көтерілісшілермен бірігіп Кіші жүзге бет алуы, оған қоса Қайыпқали Есімұлы, Исатай Тайманұлы бастаған көтерілісшілердің бірігуі болашақта көтерілісшілердің 2 басты тобының бір-бірімен қосылуының да мүмкін екендігін байқатты. Жағдайдың күрделене түсуінен қауіптенген губернатор В.А. Перовский көтерілісті талқандауды шұғыл түрде қолға алды. Ол соғыс министрінің алдына бір жағынан Исатай мен Қайыпқалиға қарсы, екінші жағынан Елек бойындағы қонысын тастап, жергілікті халықпен бірге Торғай даласына өтіп, Кенесарыға қосылуға бет алған Табын руының батыры Жоламан Тіленшіұлына қарсы ұзақ мерзімге 2 отрядты қырға аттандыруға ұсыныс жасады. Соғыс министрі граф А.И. Чернышев Орынбор әскери губернаторы В.А. Перовскийге «Қайсақ даласынан» алынған хабарлардың патша алдында баяндалғаны және оның «егер тобыр алға қарай күшейіп, біздің иеліктерімізге қауіп төндіретін болса, жаңа әскери күш жіберіп, тарқатып жіберуді бұйырды», – деген нұсқауын жеткізеді.

1838 жылғы 25 маусымда В.А. Перовский Исатай мен Қайыпқали бастаған көтерілісшілерді талқандайтын жазалаушы әскердің қолбасшысы етіп 1837 жылғы 15 қарашадағы Тастөбе шайқасынан белгілі Гекені тағайындайды (ҚР ОМА, 1982: 140). Ал Ж. Тіленшіұлының жасақтарын талқандау үшін бір кезде Жоламан батырда тұтқында болған атаман Падуров бастаған жазалаушылар жіберіледі. Сонымен бірге генерал Перовский көтерілісшілерге қарсы іс-әрекетті билеуші-сұлтан Б. Айшуақов пен бірлесе жүргізуге жарлық береді. Сол жарлыққа сәйкес Горск бекінісі жағынан құрамында Орал полкі қазақтарының жүздігі бар билеуші сұлтан Б. Айшуақов бастаған 500 адамдық отряд та Геке әскерлерімен қосылуға аттанады. Көтерілісшілерді басу үшін жіберілгендердің құрамында Орынбор полкінен 250 әскер, Елек казак әскерлерінен 50 адам, 4-Орал казак-орыс полкінен 100 адам, жаяу әскерден 50 адам және 2 зеңбірек болды. Отрядқа 2 еселенген патрон беріліп, 1 айға жететін азық-түлікпен қамтамасыз етіледі (Сарай, 1997: 315-316).

Қол астында 3 мыңдай сарбаздары бар Қайыпқали мен Исатай алға қарай не істеу керектігі туралы кеңесе келе, мынадай шешімге келеді: Қайыпқали негізгі әскер күшімен Қиыл өзені бойында тұрып, әлі де сарбаздар жинай береді, ал Исатай мен Махамбет Елек қалашығынан 60 шақырым жердегі Суықбұлақта орналасқан билеуші сұлтан Б. Айшуақовтың ордасын талқандайды. Геке әскерлері Елек бекінісі арқылы үлкен Қобда және Қобда өзендерінен өтіп 10 шілдеде Баймағанбет сұлтан отрядымен кездеседі. Осылайша, полковник Геке мен Баймағанбет сұлтан басқарған жазалаушы әскер 11 шілде күні кеште Ақбұлақ өзені жағалауына келіп тоқтайды.

Полковник Геке әскерінің Баймағанбет сұлтанның жазалаушы тобымен кездескенінен хабарсыз Исатай мен Махамбет тобы Қайыпқали Есімұлының сарбаздарынан бөлініп билеуші сұлтанның ордасын талқандауға бет алады.

Олар 1838 жылы 12 шілде күні таңертең Ақбұлақ өзенінің жағасында Геке мен Баймағанбет сұлтанның біріккен әскерінің үстінен шығады. Исатайлар Ақбұлақ өзенінің арғы бетіндегі ойпаңда орналасқан Гекенің лагерін де, әскерін де анық көреді. Штаб арбалармен қоршалған, айналасына оқ қазылған. Жау күшінің басымдығына қарамастан көтеріліс басшылары бірден шабуылды бастайды. Осы кезде зеңбіректерден атылған оқтар көтерілісшілердің қалың тобына түсіп, 70-80 дей адам өледі. Осы шайқаста Исатай батырдың өзі де қаза табады. Исатай Тайманұлы қаза тапқаннан кейін көтеріліс одан әрі дамымай, сарбаздар жан-жаққа ыдырап кетеді.

Осылайша, 1836-1838 жылдарда Қазақстанның батыс аймағында Исатай мен Махамбет батырлар ұйымдастырып, басқарған 3 жылдай кең сахараны дүбірлеткен халық-азаттық көтеріліс жеңіліспен аяқталды. Жеңілістің мынадай себептері болды: 1. Қару-жарағы нашар көтерілісшілердің патша үкіметі мен хан-сұлтандардың жақсы қаруланған, арнайы дайындықтан өткен тұрақты әскерімен соғысуына тура келді. 2. Көтерілісшілер Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыспен, Жоламан Тіленшіұлы басқарған жасақпен біріге алмады. 3. Көтеріліске қатысушылардың әлеуметтік құрамы әртүрлі болды. Қозғалысқа тек шаруалар ғана емес, сонымен бірге би-старшындар да, батырлар да қатынасты және олардың әрқайсысының көздеген мақсаттары да әртүрлі болды. 4. Көтерілісшілерде ұйымшылдық жағы жетіспеді. 5. Көтерілісшілер жағында әскери барлау өте әлсіз болды.

Қорытынды. Көтеріліс басып-жаншылғаннан кейін оған қатынасқандарды қудалау басталды. Орал түрмесіндегі көптеген адамдарға өлімші етіп дүре соғылды. Олардың біразы сотқа жетпей өліп те кетті. Көтерілісшілердің бірқатары каторгаға айдалып, мал-мүлкі тәркіленді. Көтеріліске неғұрлым белсене қатысқандар Сібірге біржолата жер аударылды. Көтерілісті қанға бояған казак офицерлері мен көзге түскен солдаттардың әскери шендері көтерілді. Ерекше көзге түскен сұлтан, би, старшындарға офицерлік шен, ақшалай, заттай қымбат бұйымдар берілді. Сонымен қатар сұлтандарға алтын, билерге күміс медальдар тапсырылды.

1836-1937 жж. Бөкей ордасы мен 1938 ж. Кіші жүздің батыс бөлігінде болған қазақ батырлары И. Тайманұлы мен М. Өтемісұлы бастаған Халық-азаттық көтерілістің зор тарихи маңызы болды. Көтеріліс жеңілгендігіне қарамастан Қазақстанның батыс аумағында отаршылдық озбырлық пен феодалдық езгіге қарсы күрес туын жаңа сатыға көтеріп, бұқараның сана – сезімінің оянуына үлкен ықпал жасады. Олар өлкемізде қоғамдық әділетсіздікке қарсы күрес пен әлеуметтік теңдік жолындағы күрес эстафетасын келесі ұрпаққа табыстады. Исатай мен Махамбет батырлар бастаған көтеріліс 1837-1847 жылдардағы К. Қасымұлы бастаған халық-азаттық көтеріліске, Е. Көтібаров, Ж. Нұрмұхамедов бастаған көтерілістерге, сол сияқты 1869-1870 жылдардағы Орал, Торғай облыстары мен Маңғыстаудағы ұлт-азаттық көтерілістерге әсерін тигізді. Бұл көтеріліс XIX ғасырдың I жартысындағы Қазақстан тарихына ұмытылмастай оқиға болып енді.

Қара халықтың қамы үшін қол бастап, қанды шайқасқа түсіп, қазақ халқының азаттығы мен әлеуметтік теңдігі жолында құрбан болған батырлар Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы – қазақ халқының зор мақтанышы. Сондықтан да қазақ халқы көтеріліс басшыларын ұмытпай, әрдайым есте ұстайды. Қазақстанда олардың есімдерімен елді мекендер, аудандар, мектептер, көшелер аталады. Исатай мен Махамбет батырларға бірнеше ескерткіштер орнатылған. Исатай Тайманұлы жерленген Шейітсайда (Ақтөбе облысы, Қобда ауданы), Махамбет Өтемісұлы жерленген Қаройда (Атырау облысы, Индер ауданы) биік кесенелер тұрғызылды. 2003 жылы ЮНЕСКО аясында жауынгер ақын Махамбет Өтемісұлының 200 жылдығы халықаралық дәрежеде кеңінен атап өтілді.

Әдебиеттер тізімі:

- Исатай мен Махамбет батырлар бастаған көтерілістің кезеңдері туралы. // Алаш журналы. 2010. №5. 64-68 бб.
- Астрахань облыстық мемлекеттік архиві. 2 қ. 2 т. 41. 245 п.
Сібір және Ертіс өңірінің көпестерін зерттеуге публицист Н.М. Ядринцев үлкен үлес қосты. Ол адал ниетпен емес, байлыққа ие болған монополист саудагерлер туралы былай деп жазды: «Сібірге саудагерлер сирек кіретін, дегенмен бұл өлкеге кіргеннен кейін, олар жалғыз монополист болды. Адамдарсыз және бәсекелестік болмаған кезде әкелінетін тауарлар монополист тарапынан ерекше жоғары бағамен сатылды және сатып алушы оның толық иелігінде болды». 1886-жылдан 1890-жылға дейін Батыс Сібір мен Ертіс өңіріндегі экспедициялар барысында экономикалық және статистикалық сипаттағы құнды деректер жиналды. Экспедиция материалдары 22 ерекше басылымда шығарылып, «Материалы для изучения хозяйственного быта государственных крестьян и инородцев Западной Сибири» деп аталды (Ядринцев, 1892).

Қазақстанның Ертіс өңірі экономикасындағы капиталистік қатынастардың әсерінен болған өзгерістер Н. Абрамов (Абрамов, 1870), Н.Я. Коншин (Коншин, 1900:54) сынды өлкетанушы-тарихшылардың еңбектерінде көрініс тапты. Олардың жазбаларында сауда-өнеркәсіп кәсіпорындарының саны, олардың қалалар мен уездердегі иелері туралы мәліметтер кездеседі.

Зерттелетін мәселенің кеңестік тарихнамасының алғашқы кезеңі 1917-жылдан XX ғасырдың 30-жылдарының ортасына дейінгі уақытты қамтиды. Осы кезеңнің басында марксистік тарихи мектептің негізін қалаушы болып саналған М.Н. Покровскийдің көзқарастары басым болды. Оның пікірінше, XIX ғасырдың екінші жартысы - XX ғасырдың басы бүкіл Ресей империясының тарихында сауда капитализмінің дәуірі ретінде сипатталды (Володьков, 2002:120) Осы идеяның әсерінен 1920-шы жылдардың ортасы мен 1930-шы жылдарда маңызды еңбектер жазылды. Сауда капитализмі тұжырымдамасы тұрғысынан М. Вяткиннің «Торговый капитализм в России» (Вяткин, 1927:244), В. Лаврентьевтің «Капитализм в Туркестане» еңбектері (Лаврентьев, 1930) жарық көріп, онда сауданы дамытуға назар аударылды.

1986-жылы Ю.А. Рыбаковтың XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Ресейдің өнеркәсіптік заңнамасын зерттеуге арналған жұмысы жарық көрді (Рыбаков, 1986). Ол тарихи құқықтық мәселелердің тұтас кешенін көтерді: салалық және акциздік заңнама, салық салу, өндіруші мен жұмысшы арасындағы қатынастарды реттеу және т.б.

Тәуелсіздік жылдарындағы шетел тарихнамасында XVII-XX ғасырлардағы Сібірдегі кәсіпкерлік тарихы жазылған А.В. Старцевтің (Старцев, 1999:215) еңбегін атап өткен жөн. Сонымен қатар, ерте заманнан 2000 жылдарға дейін, соның ішінде XIX ғасырдың екінші жартысы XX ғасыр басындағы патша өкіметіндегі салық реформаларының кәсіпкерліктің дамуына әсері А.В. Толкушкиннің жұмысында сипатталады. Еңбекте міндетті сипаттағы салықтардың, баждар мен алымдардың негізгі түрлеріне, салық жүйесінің қалыптасу кезеңдеріне сипаттама берілді. Сондай-ақ, аса маңызды салық реформаларының мазмұны ашылып, салық саласындағы іс-шаралар мемлекеттік құрылымдағы өзгерістермен өзара байланыста қаралады (Толкушкин, 2001:432).

Ресей тарихы және заңнамасындағы көпестер мен саудагерлер туралы Л.Н. Галимованың (Галимова, 2009:5) мақаласы аса құнды болып табылады. Жаңа геосаяси жағдайларда Ресей мен Қазақстан саудасының дамуы барысында тарихи даму кезеңдеріндегі өзара тиімді сауда қатынастарын

ұйымдастырудың оң тәжірибесін зерттеген. Э.М. Гибадуллинаның «Қазақстанның Семей облысындағы татар саудагерлері» мақаласы ауқымды мәліметтерді қамтиды (Гибадуллина, 2013:70).

И.В. Поткинаның «Преимственность торгово-промышленной собственности и управление в позднеимперской России: закон и практика» мақаласында кәсіпкерлік саласындағы мүліктік қатынастарға байланысты азаматтық заңдардың маңызды бөлімдерін дамытудың кейбір мәселелері қарастырылады. XIX ғасырдың басында Ресейде пайда бола бастаған корпоративті заңнаманы қалыптастыру процесі империяға Батыс Еуропаның алдыңғы қатарлы елдерімен сауда-саттық жасауға жол ашты. Бұл заңды түрде әртүрлі нысандарда жүзеге асырылуы мүмкін кәсіпкерліктің кең дамуына ықпал етті. Бір мезгілде меншік институты сияқты заңды категорияны дамыту, алдыңғы ұлттық тәжірибені қайта қарастыру және жалпылау жұмыстары жүргізілді. XIX ғасырдың екінші жартысындағы Үкіметтің заң шығарушылық қызметінде қолданыстағы құқық нормаларын әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктеріне бейімдеу проблемалары маңызды орын алды. Мақалада бірқатар нақты ресейлік және шетелдік акционерлік-өзара серіктестіктердің мысалында күнделікті коммерциялық практикада құқықтық нормалардың орындалуы көрсетілген (Поткина, 2021:116).

Қазақстанның Ертіс өңірі экономикасындағы капиталистік қатынастардың әсерінен болған өзгерістер мен заңнамалар отандық тарихшылардың да еңбектерінде көрініс тапты. Б. Герасимовтың жазбаларында сауда-кәсіпорындарының саны, олардың қалалар мен уездердегі иелері туралы мәліметтер кездеседі (Герасимов, 1914:7).

XIX ғасырдың екінші жартысы - XX ғасырдың басы бүкіл Ресей империясының тарихында сауда капитализмінің дәуірі ретінде сипатталды. Г. Тогжановтың «О казахском ауле» еңбегі жарық көріп (Тогжанов, 1928), онда сауданы дамытуға назар аударылды. Дегенмен, 1920-1930 жылдары революцияға дейінгі ел экономикасын бағалауда, атап айтқанда бірқатар материалдарды байыту және түзету арқылы қалыптасқан тәсілдерді деидеологизациялауға жеке әрекеттер жасалғанын атап өткен жөн. Осы орайда, қазақтардың нарықпен тығыз байланысын, оның қоғам дамуындағы оң рөлін атап өткен С.Ж. Асфендияровтың (Асфендияров, 1993:304) еңбектері көрнекті мысал бола алады.

Заманауи тарихнамадағы ғылыми зерттеулердің векторын анықтаған академик М.К. Қозыбаевтың бірқатар жұмыстарын атауға болады. Үлкен жұмыстың нәтижесінде М.К. Қозыбаевтың «История и современность» (Қозыбаев, 1991:252), 2 томдық «Тарих зердесі» (Қозыбаев, 1998:344), «Отечественная история XX века: мифы и реальность // Проблемы методологии, историографии и источниковедения истории Казахстана (Избранные труды)» (Қозыбаев, 2006:158) және т.б. еңбектері жарыққа шықты. Аталмыш жұмыстарында М.К. Қозыбаев қазіргі тарихнамадағы түйінді мәселелердің қатарын анықтайды. Атап айтқанда, ол біздің зерттеуіміздің тақырыбымен байланысты келесідей проблемаларды бөліп көрсетеді: қазақ қоғамының кәсіпкерлік элитасының қалыптасу тарихы; революцияға дейінгі кезеңде қазақ кәсіпкерлігінің өзіндік дамуы; XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы Қазақстанның тау-кен өндіру және өңдеу өнеркәсібіндегі халықаралық капитал мәселелері.

Х.М. Әбжановтың еңбектері (Әбжанов, Нурсултанова, 2011: 399) тарихи зерттеулер проблематикасының жаңаруына және олардың жаңа сапаға ие болуына түрткі болды, оның беттерінде Отандық тарих проблемаларының өте кең ауқымын зерделеу тәжірибесі жинақталды және зерттеудің перспективалық бағыттары айқындалды. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамының нарыққа бейімделуінің ауқымды процесі жүріп жатқан Қазақстан тарихын зерттеуге ерекше назар аударылды. Ғалымның пікірінше, бұл процесс тозған дәстүрлі қоғамның пассивті бейімделуі болған жоқ. Бұл оң өркениеттік динамика болған әлеуметтік-тарихи бейімделудің перспективалы процесі болды. Осы үдеріс барысында қазақ қоғамында нарықтық қатынастардың ішкі алғышарттары дамыды, белгілі бір мөлшерде олардың әлеуметтік тасымалдаушылары пайда болды. Тұтастай алғанда, қазақ қоғамы XX ғасырда даму үшін біртіндеп жаңа бастапқы позицияларға ие бола бастады.

Сонымен қатар, отандық тарихнамада XIX ғасырдың екінші жартысы - XX ғасыр басындағы Қазақстандағы кәсіпкерліктің дамуы бойынша жазылған іргелі еңбектердің бірі ретінде Н.С. Мамытованың (Мамытова, 2009) жұмысын айтуға болады. Аталмыш еңбекте XIX ғасырдың екінші жартысы - XX ғасырдың басындағы Ертіс өңіріндегі кәсіпкерліктің даму тарихының қырлары қарастырылған. Еңбекте автор кәсіпкерліктің даму тарихын аймақтық ерекшеліктерді есепке алып біртұтас жүйе ретінде қарастырған.

Б.Ж. Атантаева мен Д. Чунгалов «Роль купцов в становлении Семипалатинска как торгового и промышленного города в XIX – начале XX вв.» мақаласында XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басындағы Семей қаласының көпестерінің қызмет тарихы жан-жақты талданады (Атантаева, Чунгалов, 2018) Семейдің сауда және өнеркәсіп қаласы ретінде қалыптасуындағы жергілікті

көпестердің рөлі баса назарға алынады. Б.Ж. Атантаева мен Р.Д. Ахметованың «Татарское купечество Семипалатинской области в XIX - начале XX века» мақаласында (Атантаева, Ахметова, 2019) Семейдің Ертіс өңірінде татар этносының қалыптасу тарихы зерттеледі. Құжаттық деректер негізінде XIX ғасырда Қазақ даласына татарлардың қоныстануының себептері, татар қоныстарының пайда болу тарихы талқыланған.

А.Ж. Габдулина, К.Ш. Аубакирова, Р.Д. Ахметова, Г.А. Абеновалардың «Merchants of the Steppe Region in the second half of the XIX – early XX centuries: Entrepreneurship and Charity» мақаласында дала аймағындағы көпестердің кәсіпкерлік және қайырымдылық қызметі қарастырылады (Gabdulina, Aubakirova, Akhmetova, Abenova, 2021). Өңірде су сауда жолдарын, сондай-ақ тиісті инфрақұрылымды құру процесіне назар аударылады.

Нәтижелер. Ресей мемлекеті Орта Азия мен Сібірдің түйілісінде жатқан қазақ жерлерін өзіне қоса отырып, оның экономикасын елдің біртұтас халық шаруашылығына кіріктіруді де ойластырды. Оны біз әр кезеңдегі қабылданған мемлекеттік құжаттардан көреміз.

1822 жылы қабылданған «Сібір қырғыздары туралы жарғы» бойынша Орта жүз қазақтары Батыс - Сібір генерал- губернаторлығының құрамында және Ресей империясының тең құқықты тұрғындары болып көрсетілген. Онда: «Сібір қырғыздары көшпенді бұратаналар сословиесіне жатады және олармен бірдей құқықтарға ие» деп көрсетілген. Көшпенді бұратаналардың құқықтары мемлекеттік шаруалардың статусына өте жақын болды.

1822 жылы қабылданған «Сібір қырғыздары туралы Жарғыда» шаруашылық мәселелері біршама қарастырылған. Жарғының мына пунктері ерекше назар аударуға тұрады. Ондағы:

172-бапта «Егіншілікпен айналасуға талап білдірген әрбір қазаққа адам басын он бес десятина жер бөлінсін» делінген. Біз бұдан өкіметтің қазақтардың бір бөлігін отырықшылыққа қарай бағыттауын байқаймыз. Сөз жоқ бұл іске асырылғанда қазақтардың бір бөлігі жерді қауым болып пайдаланудан шығып, оны жеке меншікке айналдырады сөзсіз еді. Тарихтың одан арғы жүрісінен білетініміздей қазақ ішіндегі патша үкіметі ұсынған жерге жеке меншікке көзқарас үлкен қолдау таппады. Көшпенділік жағдайында өмір сүрген қазақтың жер меншігіне қатынасы қауымдық меншік түрінде болып қала берді.

Сонымен бірге, жердің бос жатпауын қадағалайтын, бос қалған жағдайда оны екінші біреуге беруге мүмкіндік беретін 173,174 және т.б баптарға қарағанда, патша өкіметінің осы заңды қабылдай отырып, қазақ халқының жерге байланысты тарихи қалыптасқан ұлттық қатынасын ескермегенін көреміз (Законодательные акты Российской империи по истории Казахстана (XIX в.), 2015:344).

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында Қазан және Сібір татарлары Қазақстанның біртұтас Бүкілресейлік нарыққа интеграциялану процесінің белсенді қатысушылары болды, осыған байланысты олардың сауда кәсіпкерлігінің әртүрлі түрлері мен нысандарын дамытудағы рөлін зерттеу қызығушылық тудырды. Патша өкіметі қазақ жеріндегі сауда қызметінің барлық экономикалық әлеуетін жақсы түсініп, оны барлық жағынан көтермелей бастайды. 1828-жылы Омбы, Семей, Петропавл көпестері сауда куәлігі болмаса да бөлшек сауда жүргізуге мүмкіндік алады. 1830-жылдары салымен және терімен сауда операцияларына, нан мен егіншілік құралдарын әкелуге баж алынып тасталды (Крафт, 1898:161).

Қазақ даласындағы сауданы дамыту мақсатында Ресей үкіметі оны реттеу үшін шаралар қабылдады. Мысалы, жергілікті сауданы жеңілдету үшін әртүрлі баждар бірнеше рет алынып тасталды: 1831- жылы Қырғыз терісі мен майынан, 1835 - жылы Далаға экспортталған нан, ауылшаруашылық және басқа да темір өнімдерінен. 1845 - жылы көпестерге Қырғыз даласында айырбас саудасын бастауға рұқсат берілді (Гибадулина, 2013:70).

XIX ғасырдың 60-жылдарының II жартысында қазақ жерлерінің Ресейге бүтіндей қосылуы және соның негізінде қазақ ішінде «Жаңа низам» атанған 1867 және 1868- жылдардағы кең көлемдегі әкімшілік-территориялық реформаның іске асырылуы қазақ өлкесінде нарық қатынастарының жеделдей дамуына және содан туындайтын кәсіпкерліктің жандануына әкелді. Дала ережесін жариялаумен барлық баждар жойылып, қырғыздармен сауда жалпы негізде жүргізіле бастады. Ішкі сауда саласында жүргізілген әдіс бойынша оны үш түрге бөлуге болады: айырбастау, жәрмеңке және тұрақты. Осы өзгерістерге сәйкес, патша үкіметі кәсіпкерліктің дамуына мүмкіндік беретін әртүрлі заң актілерін қабылдап отырды. Олардың кейбірі жалпы империялық негіздегі заңдар болса, ал кейбірі тікелей белгілі бір өңірлерге қатысты заң актілері болды. Бұл заңдардың өз тарапынан қырғыз өлкесіндегі, оның ішінде шығыс өңірдегі кәсіпкерліктің дамуына және құқықтық жағынан реттелуіне үлкен ықпалын тигізгені сөзсіз.

Мәселен, XIX ғасырдың I жартысында Орталық және Шығыс Қазақстан жерлерінде тау-кен ісімен көпес С.И. Поповтың айналысқанын және оған алғашқы қазақ кәсіпкерлерінің бірі, белгілі күйші-композитор Тәттімбет Қазанғапұлының компаньон болғанын тарихи фактілер айтады.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында сауда кәсіпкерлігінің құқықтық негіздері бірқатар мемлекеттік заң актілерінің құрамында болды. Десек те, кәсіппен, оның ішінде саудамен айналысуға мүмкіндік беретін жалпы империялық заң актілерінің ішінде нақтыланбаған, кәсіпкердің құқығын бұрмалаған заңдар да кездескен. Солардың біріне 1857-жылы жарық көрген, сол заманның мамандары қатты сынға алған Заңдар жинағының 11-томының 2-бөлімін құрайтын «Сауда Уставы» деген сауда заңын жатқызуға болады. Соған байланысты «Устав Торговый» быть может самый запущенный и во всяком случае самый хаотичный отдел нашего законодательства. Несмотря на подавляющую массу статей (2083 статьи), он крайне беден юридическим содержанием, но и то, что есть в нем юридического, неполно и устарело... Основные договоры «торговле свойственные» даже не упомянуты в этой книге. Устав Торговый даже не есть свод, а скорее склад обломков законодательной деятельности разных царствований, начиная с Петра I. Но эта законодательная деятельность развивалась, главным образом, под влиянием неодолимого желания: скорее, путем распоряжения сверху создать в России торги и промыслы и тем умножить государственные доходы. Отсюда в Уставе Торговом преобладание фискального, полицейского, сословного, даже технического материала над материалом юридическим» - деп көрсетілген (Цитович, 1986:12). Соған қарамастан, кәсіпкерлікке тікелей қатысты заңнамалықтар жетілдіріліп отырылған. Бұл өз тарапынан өңірлердегі кәсіпкерліктің дамуына қолайлы жағдай туғызды.

1863 ж. 8 қаңтарда қабылданған «О пошлинах за право торговли и других промыслов» деп аталатын қаулыда саудамен айналысатын көпестердің гильдияға өту мәселелері қарастырылған (Кесте 1). Осы қаулы бойынша бұрынғы 3-гильдиялық жүйенің орнына 2- көпестік гильдия жүйесі, сонымен қатар «ұсақ сауда», «әкелушілік» және «апарушылық» разрядтары да енгізді.

Кесте 1. 1863 жылы енгізілген көпестерге берілетін сауда разрядтары (Мамытова, 2009)

Разрядтар	Сауда мекемелерінің түрлері
I	Көтерме сауда дүкендері және қоймалар, үлкен мейрамханалар, дәріханалар
II	Айналым бойынша орта көтерме сауда қоймалары, трактирлер
III	Ұсақ дүңгіршектер, шай ішуге арналған орындар
IV	Дүңгіршектер және шатырлар
V	Әкелушілік және апарушылық сауда-саттық

Кәсіпкерлік іс-әрекетімен айналысқысы келгендер ұлтына, табына қарамай сауда жасау құқығына ие болдыратын куәліктерді сатып алуға міндетті болды. Көпестік куәліктер, жартыжылдық және жылдық куәліктер, 1-5 разряд саудасының 1-і және 2-і гильдия куәліктері бойынша берілетін сауда құқықтары Салықтар жөніндегі 464-қаулының 1- қосымшасында болды (Галимова, 2009:4). 1860-жылдардағы реформаның нәтижесі мен әлеуметтік-экономикалық қатынастардың өзгеруінің әсерінен көпестік құрылымның құрамы мен саны өзгереді. Соған қарамастан, XIX ғасырдың II жартысында гильдиялық көпестік кәсіпкерлердің саны мен маңыздылығы жойылған жоқ. 1870-жылы Қалалық бөлініске байланысты заңдардың қабылдануынан кейін де, көпестер құрамы бұрынғыдай қалалық өзін-өзі басқару мекемелерінің іс-шараларына белсенді қатысты. Көпестер санының аздығына қарамастан (қала тұрғындарының шамамен 1-3%), аймақ өмірінде көпестік, сауда-саттық маңызды рөл атқарды.

Өлкеде сауда-тауар қатынастарының, әсіресе ішкі сауданың дамуы кәсіпкерлік белсенділіктің артуына көмектесті. Жыл сайын қырдан Семейге келген қазақ саудагерлері керуендерінің саны өсті. Мысалы, 1863-жылы қырдан 104 мың рубльдің тауарлары әкелінген. Әкелінетін тауарлар жергілікті пайдалануға аз мөлшерде қалдырылатын, ал оның үлкен бөлігі негізінен Алтай тау-кен зауыттық округінің қоныстарына жіберілді. Ішкі нарық біршама кең болды, сондықтан да айналым тез жасалды. Сауда тауарларды тасымалдауда арбаларды пайдаланатын маңызды деңгейдегі керуендік болып қала берді. Ішкі сауданың сипаты, мөлшері, сонымен қатар жәрмеңкелердің тауарлық және ақша айналымдарының көлемі жайлы сол кездегі сауда құжаттары мәліметтер береді.

1884 жылы қаржы министрі Н.Х. Бунтениң бастамасымен «О более равномерном обложении

торговли и промышленности» заңы қабылданды. Бұл заң бойынша жаңа төлем түрлері енгізілді: 1-гильдияны куәландыру үшін 565 руб., 2-гильдияға 40-тан 120 руб.-ға дейін, ұсақ сауда-саттыққа-10-30 руб., әкелушілік сауда-саттыққа 16 руб. Ал 1885 жылы қосымша пайыздық және бүктемелік жинақтар енгізілді. Оның алғашқысы, 3% көлемінде, ал 1892 ж. бастап 5% таза пайданы жариялық есеп-кисап жасайтын акционерлік қоғамдар, несиелік мекемелер және пай серіктестіктері төледі. Ал бүктемелік жинақты қалған гильдиялық кәсіпорындарының барлығы төледі. 1889 жылдан бастап бүктемелік жинақтардың салымдары кеңінен қолданыла бастады, ол соның ішінде гильдиялық емес кәсіпорындарға да таралды. Айта кететін жәйт, кәсіпкерлердің салымдарына енгізілген жаңа өзгерістерге сәйкес, салық өнеркәсіп пен сауданың дамуына кедергі келтіретіндей көлемде өсірілмеді. Қосымша жинақ енгізілгеннен кейін кәсіпкерлер мен саудагерлер таза пайданың 4%-нан аспайтын көлемдегі салықты төледі. Ал, жер иелері үшін бұл көрсеткіш 4%-дан 5,5%-ға дейін, басқа жылжымайтын мүлік иелері үшін 6,5%-ға дейінгі төлем түрінде болды. Көпестердің кәсіпорындық және қоғамдық қызметтерін көтермелеу мақсатында салықтық реттеуден басқа олардың әлеуметтік статусын жоғарылату да қарастырылды. Көпестерге «дәрежелік» құрметті атақтар және «комерция кеңесшісі», «мануфактура кеңесшісі» сияқты дәрежелер берілді. Марапаттардың ішінде «ерен еңбегі үшін» берілетін мойынға немесе кеудеге тағуға арналған күміс, алтын медальдар кеңінен таралды. Қырынан қарап тұрған императордың бейнесі бар, диаметрі 4-5 см диск көлеміндегі медальдар арнайы ордендік ленталармен тағылды. Ресейлік ордендердің ішінде көпестерді марапаттауда Аннаның және Станиславтың төменгі дәрежелі ордендері қолданылды. Кей жағдайларда «ерен еңбегі мен ерекше ынта-жігері үшін» Владимир ордені де берілді (Старцев, 1999:215).

Жоғарыда айтылып өткендей, көпестікпен айналысу басқа сословиелердегідей өмір бойылық болмады. Көпес гильдиялық куәлікті өмір бойы алып отыруға міндетті болды. Егер берілген уақыт аралығында куәлікті жаңартпаса, ол отбасы мүшелерімен бірге гильдиядан шеттетілді.

Сословиялық көпестік куәлікте көпестің барлық отбасы мүшелері көрсетілді. Сондай-ақ, куәлікте жазылған барлық туыстары көпестік сословиеге жатқызылып, барлық сословиелік құқықтар мен артықшылықтарға ие болды. Соның ішінде жеңіл жазалардан босатылу, көшіп-қону еркіндігі, белгілі бір жағдайда жеке немесе ұрпақтарға таралатын құрметті азаматтылыққа ие болу құқығы да болды. Көпестік отбасы құрамына енгізілетін туыстардың тізімі заңмен бекітілді. Күйеуінің атына берілетін көпестік куәлікке әйелінің есімін енгізуге рұқсат берілді, ал әйелінің атына берілсе күйеуі енгізілмеді. Куәлікке әке-шешесімен бірге ұлдары мен тұрмыс құрмаған қыздары да тіркелді. Куәлікке көпестің өз атымен бірге жазылған көпестік отбасы мүшелеріне оның сауда жұмыстарымен айналысуға рұқсат берілді. Көпестің кәмелеттік жасқа толған ұлы мен қызы әкесінің немесе шешесінің куәлігінен өшіріліп, жеке өз аттарына куәлік жасауға құқылы болды. Алайда мұндай жағдайда олар сауда жұмыстарына тікелей өздері жауапты болды.

Тұтас капиталмен сауда жасау құқығына ие адамдардың санын азайтып, осылайша гильдейлік көпестердің төлемдерден қашуының алдын-алу үшін көпестік отбасы мүшелеріне мемлекет тарапынан тиянақты түрде бақылау жүргізіліп отырды.

Жоғарыда аталған жалпы ресейлік заңдар бүкіл мемлекет көлемінде жүру құқығына ие болды. Сонымен қатар, көріп отырғанымыздай бұл заңнамалар кәсіпкерлікпен айналысатындарға ұлтына, нәсіліне және дініне қарай шектеу қойған жоқ. Кезінде осы заңнамалық құқықтарды алғашқы қазақ кәсіпкерлері – көпестердің де пайдаланғанын білеміз. Мысалы, Семей қаласында XIX ғасырдың ортасында байлығымен белгілі болған көпес Тінібай Кәукеновте 2-гильдия дәрежесі болған.

Кесте 2. 1895-жылы Семей облысында саудамен және өндіріспен айналысуға берілген куәліктер (Мамытова, 2009)

Жылдық куәліктер	Саны
I	II
1-й гильдиялы	8
2-й гильдиялы	120
Ұсақ саудада	343
Приказчиктердің	202
әртүрлі әкелушілік сауданың	187
әртүрлі апарушылық сауданың	67

1895 жылы Қаржы Министрлігі Семей облысында саудамен және өндіріспен айналысатын азаматтарға 4708 куәліктер тапсырған. 2 кестеден көріп отырғанымыздай бұл куәліктер 1 және 2 гильдиялы көпестерге, сол сияқты ұсақ саудамен айналысатындарға берілген.

Оңтүстік Сібір аймағында ішкі нарықтағы сауда кәсіпкерлігінің ең дамыған аймағы Семей облысы және Омбы өңірі болды (Кесте 3). Сауда құжаттарының анализі Семей облысының уездері бойынша сауданың даму деңгейін келесідей көрсетті:

Кесте 3. Семей облысы уездері бойынша сауданың даму көрсеткіші (Мамытова, 2009)

Семей уезінде	53 %
Павлодар уезінде	13 %
Өскемен уезінде	12 %
Зайсан уезінде	12 %
Қарқаралы уезінде	6 %.

Көріп отырғанымыздай, Семей облысында сауданың даму көрсеткіші бойынша үлес салмағының басым бөлігі Семей уезіне келетінін байқаймыз. Зайсан уезінің көрсеткіші 12 % құрап, бұл бойынша Павлодар және Өскемен уездерімен қатар болған. Ал Қарқаралыдан 2 есе жоғары. Ішкі нарықта ірі көпестер басым болды. 1900-жылы Ертіс өңірінің ең белгілері Семейдің бірінші гильдиялы көпестер – А.В. Москвин, А.Н. Деров, 2-ші гильдиялы көпестер – Ф.В. Ступин, В.А. Торопов, Г. Ғабдулжапаров болды. Кәсіптік 2-дәрежелі куәлік бойынша сауданы мыналар: «Коковин және Басов» компаниясы, А.Р. Лушников, М.Д. Пятков, И.Ф. Токмаков; «Сотенников және ағайынды Молчановтар компаниясы» жасады. XIX ғасырдың аяғында Қарқаралыда Құлынды жәрмеңкесімен тығыз байланыста болған С. Арыбтанов, А. Зуфаров, М. Құлмырза, С. Нұрбаев, М. Мусин, М. Сәлімбаев, А. Салихов сияқты ірі көпестер жұмыс істеді (Мамытова, 2009:27-29).

1898 жылы 8 маусымда «Мемлекеттік кәсіпшілік салығы туралы ереже» қабылданып, ол 1899 жылдың 1-қаңтарынан бастап күшіне енді. Оның негізгі міндеттері салық төлеудегі теңсіздіктерді жою болды. Енді бизнесті жандандыру мақсатында бірінші гильдиядағы кәсіпкерлер екінші гильдияға қарағанда салықты азырақ төлейтін болды. Сондай-ақ, бизнесті төлем қабілеттіліктеріне сәйкес, мемлекеттік шығынға араласуға тарту қазынаның жалпы табыс мөлшерін арттыруда негізгі мақсаттардың бірі болды.

1898 жылы 8 -маусымдағы «Мемлекеттік кәсіпшілік салығы туралы ережеге» сәйкес мемлекеттік кәсіпшілік салыққа сауда кәсіпорындары, сауда делдалдары, өнеркәсіптер, тасымалдау және жеке кәсіпшілікпен айналысу жатқызылды. Осы ережеге сәйкес ең алдымен орман шаруашылығы, мал шаруашылығы, ауыл шаруашылығы өнімдерін сатумен айналысатын сауда кәсіпорындары кәсіпшілік салық төледі. Сонымен бірге бұл ереже салықсыз жәрмеңкелік сауданы 7 күннен 14 күнге дейін ұзартты. Ұсақ сауда-саттықты және қазыналық кәсіпшілікті барлық жәрмеңкелерде салықтардан босатты. «Мемлекеттік кәсіпшілік салығы туралы ережесі» қабылданғаннан кейін мемлекеттік кәсіпшілік салық негізгі және қосымша болып екіге бөлінді. Негізгісі бұрынғы кәсіпшілік және гильдиялық куәліктердің орнына қолданысқа енгізілген жаңа кәсіпшілік куәліктерді сатып алу есебінен төленді. Кәсіпшілік салық бұрынғы сауда жасау, түрлі кәсіптермен айналысу құқығына ие жинақтың орнын басты (Толкушкин, 2001:141).

Әрбір сауда және өнеркәсіптік мекемелер, ішкі су жолдары арқылы жүріп өтетін жеке параходтар сондай-ақ, әрбір жеткізілген заттар үшін куәліктің болуы міндеттелінді. Кәсіпшілік салықтан босатылған сауда және өнеркәсіптік мекемелерге жыл сайын тегін кәсіпшілік билеттер таратылды. Әрбір кәсіпшілік куәліктерге белгілі бір көлемдегі орындардың мөлшері тағайындалынды. Ал басқаларына, кәсіптік мұқтаждықтары қанағаттандырылғандарды есептемегенде ерекше куәліктер талап етілді.

Аймақтық кәсіпкерлік іс-әрекет Семей облысында жергілікті органдардың негізінен – Қалалық Дума мен Қалалық Басқарманың бақылауында болды. Олар сауда күндерін ауыл тұрғындарының қалалық алаңға ауылшаруашылық өнімдерін әкелуін қолдау мақсатында тағайындады. Сауданың регламенттелуі 1902 - жылы қабылданған «Халық өнімдері жарғысы» негізінде жүргізілді. Осылайша, Жарғы бойынша, саудагерлер мен өнеркәсіпшілерге өнім заттарына бағаларды жоғарылату үшін және тауарларды тасымалдаушылардың әрекеттеріне қысым жасау ниетімен бағаларды түсіру үшін еуілдер, келісім-шарттар және басқа да келісім түрлерін жасауға рұқсат берілмеді (121 бап). Уақытша сауда орындарына қарамастан, қалаларда азық-түлік заттарын күнделікті сату үшін ерекше нарықтар,

жергілікті жағдайларға сай ләпкелер ашылды (123 бап) (Мамытова, 2009:14-15). Біз бұдан азық-түлікті негізгі өндіруші шаруалардың да кәсіпшілікке тартылуын қолдайтын шараны көреміз.

Қорытынды. Кәсіпкерлік экономикалық қызметтің және әлеуметтік институттың нысаны ретінде тарихи дәуірдің әлеуметтік-экономикалық келбетін анықтайтын факторлардың әсерінен қалыптасады: мемлекеттік саясат, әлеуметтік қатынастар, нарық пен меншік институттарының дамуы, табиғи-географиялық факторлар, өндірістер мен өнеркәсіптік кәсіпорындардың дамуы, дәстүрлер, менталитет және т. б.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы кәсіпкерлердің құқығын заңдастыру барысында жекеменшікке қол сұқпаушылыққа кепілдік беруі кәсіпкерліктің дамуына оң әсерін тигізді. Сауда-өнеркәсіптік саланы реттеуге арналған заңдар кәсіпкерлік ортада туындаған өзгерістерді айқындады. Уақыт өте келе көпестер, кәсіпкерлер және қаржыгерлер қоғамда үлкен әлеуметтік қозғаушы күш ретінде өз орындарын тапты. Кәсіпкерлік қоғам мен мемлекеттің дамуының барлық қарама-қайшылықтары мен ерекшеліктерін қамтитын әлеуметтік-экономикалық институт ретінде қалыптасты. Бір сөзбен айтқанда, қазақ өлкесіндегі кәсіпкерлік ісіне мемлекет тарапынан заңдық негіз беруге тырысқанын және оның күткендей нәтиже бергенін байқауға болады.

Әдебиеттер тізімі

Gabdulina, K.Sh. Aubakirova, R.D. Akhmetova, G.A. Abenova, Merchants of the Steppe Region in the second half of the XIX – early XX centuries: Entrepreneurship and Charity // *Bylye Gody*. 2021. 16(2) P.738.

Абжанов Х.М., Нурсултанова Л.Н. История независимого Казахстана: монография / Ин-т истории и этнологии). Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2011. 399 с

Абрамов Н.А. Город Павлодар в статистическом отношении. // *Известия ИРГО*. СПб., 1870. Т. 6. Отд. 1.

Абылхожин Ж.Б. и др. Очерки по историографии и методологии истории Казахстана: монография. Алматы: КазАТиСО, 2007. 340 с.

Асфендияров С.Д. История Казахстана (с древнейших времен). 2-ое издание. Алма-Ата: Қазақ университеті, 1993. 304 с.

Атантаева Б.Ж., Чунгалов Д. Роль купцов в становлении Семипалатинска как торгового и промышленного города в XIX – начале XX вв. // *Материалы XVI Международной научно-практической конференции «Инновационные процессы в науке и технике XXI века (Нижевартовск, 20 апреля 2018 г.)*, Том I. Тюмень ТИУ, 2018. С. 128-131.

Атантаева Б.Ж., Ахметова Р.Д. Татарское купечество Семипалатинской области в XIX - начале XX века // *Сибирское купечество: истоки, деятельность, наследие материалы третьей Всероссийской научной конференции*. Томск, 2019. С. 262-269.

Балкашин Н. Торговое движение между Западной Сибирью, Средней Азией и Китайскими владениями // *Записки ЗСО ИРГО*. Омск, 1881. Кн. 3. С. 1–32.

Венюков М. Краткий обзор внешней торговли через Западную Сибирь в 1851–1860 гг. // *Записки ИРГО*. СПб, 1861. Кн. 3. С. 161–186.

Володьков О.П. Проблемы торгового капитализма в работах М.Н. Покровского: диссертация ... канд. ист. наук. Омск, 2002. 120 с.

Вяткин, М. Торговый капитализм в России. М.-Л.: Госуд. изд-во, тип. Печатный двор в Лгр., 1927. 244 с.

Галимова Л.Н. Купечество и лица торговых занятий в Российской истории и законодательстве/ Л.Н. Галимова. // *Вестник Чувашского университета*, Выпуск 2009, № 4. С. 5-6.

Герасимов Б.К. вопросу об исследовании верховьев Иртыша. Историческая справка // *Известия ЗСО ИРГО*. Омск, 1914. Т. 2. Вып. 1–2. С. 1–7.

Гибадуллина Э.М. Татарские торговцы в Семипалатинской области Казахстана во второй половине XIX-начале XX вв. // *Балтийский гуманитарный журнал*. 2013. № 4 С.70

Завалишин И. Описание Западной Сибири. М. Т. 3: Сибирско-киргизская степь. СПб., 1867. 145 с.

Законодательные акты Российской империи по истории Казахстана (XIX в.). Сб. документов. Ч.1. // Под ред. Отеповой Г.Е. Павлодар: ПГПИ, 2015. 344 с.

Козыбаев М.К. Отечественная история XX века: мифы и реальность // *Проблемы методологии, историографии и источниковедения истории Казахстана (Избранные труды)*. Алматы: Ғылым, 2006. С. 158-179.

Козыбаев, М.К. История и современность / М.К. Козыбаев; Академия наук Казахской ССР; Институт истории, археологии и этнографии им. Ч.Ч. Валиханова. Ғылым, 1991. 252 с.

Коншин Н.Я. Материалы для истории Степного края. // *Памятная книжка Семипалатинской области*. Семипалатинск, 1900. 54 с.

Крафт И.И. Сборник узаконений о киргизах степных областей. Оренбург, 1898. 532 с., 161 б.

Козыбаев М.Қ. Тарих зердесі: Арыстар тұғыры. 2 кітап. Алматы: Ғылым. 1998. 280 б.

- Козыбаев М.К. Тарих зердесі: Замана асуы. 1 кітап. Алматы: Ғылым, 1998. 344 б.
- Лаврентьев В. Капитализм в Туркестане. Буржуазная колонизация Средней Азии. М.: Изд-во Комм. Акад., 1930.
- Мамытова С.Н. XIX ғасырдың екінші жартысы - XX ғасырдың басындағы Ертіс өңіріндегі кәсіпкерліктің даму тарихы: оқу құралы / С.Н. Мамытова. Павлодар: Кереку, 2009. 114 б.
- Потанин Г.Н. Материалы для истории Сибири. М., 1867.
- Потанин Г.Н. Семипалатинск и другие города Семипалатинской области. // Живописная Россия. СПб., 1884. Т. 2.
- Поткина И.В. «Преемственность» торгово-промышленной собственности и управление в поздней имперской России: закон и практика. // Ural'skij Istoriceskij Vestnik. Том 72. Выпуск 3. 2021. С. 116-124.
- Рыбаков Ю.Я. Промышленное законодательство России первой половины XIX века: (Источниковедческие очерки). / Ю.Я. Рыбаков; Охв. ред. Б.Г. Литвак: АН СССР. Институт истории СССР. М.: Наука, 1986. 212 с.
- Старцев А.В. История предпринимательства в Сибири (XVII - начало XX в.): Учебное пособие / А.В. Старцев, Ю.М. Гончаров. Барнаул: Изд-во Алт. ун-та. -1999. 215 с.
- Толкушкин А.В. История налогов в России. М.: «Юрист» 2001. 432.
- Тогжанов Г.О. О казакском ауле. Кзыл-Орда. 1928
- Цитович П.П. Очерк основных понятий торгового права. Киев: 1886. 257 с.
- Ядринцев Н.М. Сибирь как колония. СПб., 1892. 720 с.

References

- Abzhanov H.M., Nursultanova L.N. Istoriya nezavisimogo Kazahstana: monografiya / In-t istorii i etnologii); Almaty: Kazak enciklopediyasy, 2011. 399 s
- Abramov N.A. Gorod Pavlodar v statisticheskom otnoshenii. // Izvestija IRGO. SPb., 1870. Т. 6. Otd. 1.
- Abylhozhin Zh.B. i dr. Oчерki po istoriografii i metodologii istorii Kazahstana: monografiya. Almaty: KazATiSO, 2007. 340 s.
- Asfendijarov S.D. Istoriya Kazahstana (s drevnejshih vremen), 2-oe izdanie. Alma-Ata: Kazak universitety, 1993. 304 s.
- Atantaeva B.Zh., CHungalov D. Rol' kupcov v stanovlenii Semipalatinska kak torgovogo i promyshlennogo goroda v XIX – nachale XX vv. // Materialy XVI Mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoj konferencii «Innovacionnye processy v nauke i tekhnike XXI veka (Nizhnevartovsk, 20 aprelya 2018 g.), Tom I. Tyumen' TIU, 2018. S. 128-131.
- Atantaeva B.Zh., Ahmetova R.D. Tatarskoe kupechestvo Semipalatinskoj oblasti v XIX - nachale XX veka // Sibirskoe kupechestvo: istoki, deyatelnost', nasledie materialy tret'ej Vserossijskoj nauchnoj konferencii. Tomsk, 2019. S. 262-269.
- Balkashin N. Torgovoe dvizhenie mezhdru Zapadnoj Sibir'ju, Srednej Aziej i Kitajskimi vladenijami // Zapiski ZSO IRGO. Omsk, 1881. Kn. 3. S. 1–32.
- Citovich P.P. Oчерk osnovnyh ponjatij torgovogo prava. Kiev: 1886. 257 с.
- Venjukov M. Kratkij obzor vneshnej torgovli cherez Zapadnuju Sibir' v 1851–1860 gg. // Zapiski IRGO. SPb, 1861. Kn. 3. S. 161–186.
- Volod'kov O.P. Problemy torgovogo kapitalizma v rabotah M.N. Pokrovskogo: dissertacija ... kand. ist. nauk. Omsk, 2002. 120 s.
- Vjatkin, M. Torgovyy kapitalizm v Rossii. M.-L.: Gosud. izd-vo, tip. Pechatnyj dvor v Lgr., 1927. 244 s.
- Gabdulina A.Zh., Aubakirova K.Sh., Akhmetova R.D., Abenova G.A.. Merchants of the Steppe Region in the second half of the XIX – early XX centuries: Entrepreneurship and Charity. // Bylye Gody. 2021. 16(2) r.738
- Galimova L.N, Kupechestvo i lica torgovyh zanjatij v Rocijskoj ictorii i zakonodatel'ctve/ L.N. Galimova // Vectnik Chuvashckogo univerciteta Vypusk. 2009, №4. C. 5-6.
- Gerasimov B.K voprosu ob issledovanii verhov'ev Irtysha. Istoricheskaja spravka // Izvestija ZSO IRGO. Omsk, 1914. Т. 2, vyp. 1–2. S. 1–7.
- Gibadullina Je.M. Tatarskie torgovcy v Semipalatinskoj oblasti Kazahstana vo vtoroj polovine XIX-nachale XX vv. // Baltijskij gumanitarnyj zhurnal. 2013. № 4. S.70
- Jadrincev N.M. Sibir' kak kolonija. SPb., 1892. 720 s.
- Zavalishin I. Opisanie Zapadnoj Sibiri. M. T. 3: Sibirsko-kirgizskaja step'. SPb., 1867. 145 s.
- Zakonodatel'nye akty Rossijskoj imperii po istorii Kazahstana (XIX v.). Sb. dokumentov. Ch. 1. // Pod red. Otepovoj G.E. Pavlodar: PGPI, 2015. 344 s.
- Kozybaev M.K. Otechestvennaja istorija XX veka: mify i real'nost' // Problemy metodologii, istoriografii i istochnikovedenija istorii Kazahstana (Izbrannye trudy). Almaty: Gylym, 2006. P. 158-179.
- Kozybaev, M.K. Istoriya i sovremennost' / M.K. Kozybaev; Akademija nauk Kazahskoj SSR; Institut istorii, arheologii i jetnografii im. Ch.Ch. Valihanova. Gylym, 1991. 252 s.

- Konshin N.Ja. Materialy dlja istorii Stepnogo kraja // Pamjatnaja knizhka Semipalatinskoj oblasti. Semipalatinsk, 1900. 54 s.
- Kraft I. I. Sbornik uzakonenij o kirgizah stepnyh oblastej. Orenburg, 1898. 532 s., 161 p.
- Kozybaev M.K. Tarih zerdesi: Arystar tугыры. 2 kitap. Almaty: Gylym. 1998. 280 b.
- Kozybaev M.K. Tarih zerdesi: Zamana asuy. 1 kitap. Almaty: Gylym., 1998. 344 b.
- Lavrent'ev V. Kapitalizm v Turkestane. Burzhuaznaja kolonizacija Srednej Azii. M.: Izd-vo Komm. Akad., 1930.
- Mamytova C.N. XIX gacyrdyn ekinshi zhartycy - XX gacyrdyn bacyndagy Ertic өnirindegi kacipkerliktin damu tarihy: oku kuraly / C.N. Mamytova. Pavlodar: Kereku, 2009. 114 b.
- Potanin G.N. Materialy dlja istorii Sibiri. M., 1867.
- Potanin G.N. Semipalatinsk i drugie goroda Semipalatinskoj oblasti // Zhivopisnaja Rossija. SPb., 1884. T. 2.
- Potkina.I.V. «Preemstvennost' torgovo-promyshlennoj sobstvennosti i upravlenie v pozdneimperskoj Rosii: zakon i praktika // Ural'skij Istoriceskij Vestnik. Tom 72. Vypusk 3. 2021, S.116-124
- Rybakov Yu.Ya. Promyshlennoe zakonodatel'skivo Rossii pervoj poloviny XIX veka: (Istochnikovedcheskie ocherki) / Yu.Ya. Rybakov; Ohv. red. B.G. Litvak; AN SSSR, Inshihuh istorii SSSR. M.: Nauka, 1986. 212 s.
- Starcev A.V. Ictorija predprinimatel'ctva v Sibiri (XVII - nachalo XX v.): Uchebnoe pocobie / A.V. Starcev, Ju.M. Goncharov. Barnaul: Izd-vo Alt. un-ta. 1999. 215 c.
- Tolkushkin A.V. Ictorija nalogov v Roccii. M.: «Jurict» 2001. 432.
- Togzhanov G.O. O kazakskom aule. Kzyl-Orda. 1928

МРНТИ 03.20

DOI 10.51943/1814-6961_2022_4_101

ИСТОРИЧЕСКИЕ ФАКТЫ О СУВЕРЕНИТЕТЕ РЕСПУБЛИКИ АЛАШ

Нурпенсов Е.К.^{1ID}, Жусуп С.А.^{2*ID}

¹КазНУ им. Аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

²ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

*Автор-корреспондент

E-mail.: turkestan.010862@gmail.com

Аннотация. У казахского народа шанс на восстановление национальной государственности, утраченной вследствие колонизации Российской империей, возникал в его истории дважды: в первый раз после падения царизма в России в 1917 году, второй - после распада Советского Союза, по сути являвшегося неоимперией.

После свержения царизма Россия взяла курс на создание буржуазной парламентской республики. Окончательно вопрос о форме государственного устройства в территориальном разрезе - федерация или унитарная республика – предстояло решить Всероссийскому учредительному собранию, созыв которого неоднократно откладывался Временным всероссийским правительством. Идея о провозглашении России федерацией, как союза равноправных республик, на политическом поле России был поднят деятелями «Алаш» в 1917 году. Их идеи о федеративной России существенно отличались от других в самом главном. Если, например, для сибирского областничества была важна самостоятельность субъектов федерации в социально-экономической и культурной сферах, то для лидеров «Алаш» главным был вопрос государственной независимости, хотя и ограниченной рамками федерации.

Но свержение Временного правительства в октябре 1917 года, а также разгон Всероссийского учредительного собрания в январе 1918 года, лишили Россию последней легитимной центральной власти. Советская власть к этому времени ограничивалась только Петроградом. Алаш в условиях безвластия в России провозгласившая себя автономией в предполагаемой федерации, как это было отражено в проекте Программы партии «Алаш», трансформировалась в республику, обладающую всей полнотой государственной власти, то есть суверенитетом, не ограниченным внешними наднациональными органами власти. То есть в сложившихся условиях произошла смена политической ориентации Алаш Орды (Правительство Республики Алаш) от автономизации к формированию самостоятельной республики. Деятельность Алаш Орды всецело была подчинена демонстрации и

укреплению фактического суверенитета и независимости возрождаемого ею казахского национального государства.

Эта позиция Алаш Орды особенно ярко проявилась во всех её внешнеполитических переговорах периода 1918-1920 гг., в том числе и с Правительством Японии и представителями стран-участниц Парижской международной мирной конференции 1919-1920 годов. Но после полной советизации Казахстана, Республика Алаш лишилась не только своего исторического названия, но и фактического суверенитета. Решение КирРевКома от 5 марта 1920 года положило начало ликвидации Республики Алаш де-юре, а с учреждением Кир (Каз)АССР 26 августа 1920 года она прекратила свое существование и де-факто.

Авторы в качестве методологической основы исследования использовали диалектический метод познания природных и общественных явлений. При исследовании руководствовались общенаучными и специально-историческими методами, а из общенаучных методов – были использованы анализ, синтез, логические методы. Из категории специально-исторических методов – историко-ретроспективный, историко-генетический, историко-типологический, историко-системный методы.

Ключевые слова: Империя, распад, национальная государственность, Республика Алаш, суверенитет, независимость, Советская власть, партократическая диктатура, неоимпериализм.

ГТАХР 03.20

АЛАШ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕГЕМЕНДІГІ ТУРАЛЫ ТАРИХИ ДЕРЕКТЕР

Нұрпейісов Е.К.^{1ID}, Жүсіп С.А.^{2*ID}

¹Әл Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университеті Алматы, Қазақстан

²Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Астана, Қазақстан

*Автор-корреспондент

E-mail.: turkestan.010862@gmail.com

Түйіндеме. Қазақ халқы өз тарихында өзінің ұлттық мемлекеттілігін қалпына келтіруге екі рет мүмкіндік алды: бірінші рет 1917 жылы Ресей империясында патша құлағаннан кейін, екінші рет шын мәнінде неоимперия болған Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін болды.

Патшалық құлағаннан кейін Ресей буржуазиялық парламенттік республика құруға бет алды. Ресейдің мемлекеттік басқару құрылымының федерация немесе унитарлық республика болатынын Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы шешуі керек еді. Бірақ Бүкілресейлік уақытша үкімет оны шақыруды бірнеше рет кейінге қалдырды. Ресей федерация болып жариялансын, яғни тең құқықты республикалар одағы деп жариялау идеясын Ресейдің саяси кеңістігінде «Алаш» қайраткерлер мен «Алаш» партиясы көтерген болатын. «Алаш» қайраткерлерінің Федеративтік Ресей туралы идеясы басқалардан айтарлықтай ерекшеленді. Егер, мысалы, Сібір облыстығы үшін әлеуметтік-экономикалық және мәдени салаларындағы тәуелсіздік маңызды болса, «Алаш» көшбасшылары үшін басты мәселе - федерация құрамында шектеулі болса да мемлекеттік тәуелсіздік болды.

Бірақ 1917 жылдың қазан айында Уақытша үкіметтің құлауы, ал 1918 жылдың қаңтарында Бүкілресейлік Құрылтай жиналысының таратылуы Ресейді ақырғы заңды орталық билігінен айырды. 1917 жылдың қарашасындағы «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасында айтылғандай, болашақ Ресей федерациясының аутономиясы, яғни субъектісі ретінде жарияланған Алаш сыртқы федеративтік билік шектеуі жоқ, керісінше толық мемлекеттік билігі бар егемендік республикаға айналды. Яғни 1918 жылдың қаңтарында Алаш республикасы іс жүзіндегі егемендікке ие болды. Алаш Орданың бар іс-қимылы қайта қалпына келген қазақ ұлттық мемлекетінің нақты егемендігі мен тәуелсіздігін баянды етуге және нығайтуға бағытталды.

Алаш Республикасының үкіметі – Алаш Орданың бұл ұстанымы оның 1918-1920 жылдардағы барлық сыртқы саяси келіссөзінде, оның ішінде Жапония Үкіметімен және 1919-1920 жылдардағы Париж халықаралық бейбіт конференциясына қатысушы елдердің өкілдерімен арадағы келіссөзінде айқын көрінді. Бірақ Кеңес өкіметіне қосылғаннан кейін Алаш республикасы өзінің Алаш атауынан ғана емес, іс жүзіндегі егемендігінен де айрылды.

Зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде авторлар табиғи және әлеуметтік құбылыстарды танудың диалектикалық әдісін қолданды. Зерттеуде жалпы ғылыми және арнайы тарихи әдістер қолданылды, ал жалпы ғылыми әдістерден талдау, синтез және логика әдістері қолданылды. Арнайы тарихи әдістер

қатарынан - Тарихи-ретроспективті, тарихи-генетикалық, тарихи-типологиялық, Тарихи-жүйелік әдістер.

Кілт сөздер: Империя, ыдырау, ұлттық мемлекеттілік, Алаш Республикасы, егемендік, тәуелсіздік, Кеңес өкіметі, партократия диктатурасы, неоимпериализм.

IRSTI 03.20

HISTORICAL FACTS ABOUT THE SOVEREIGNTY OF THE REPUBLIC OF ALASH

E.K. Nurpeyisov¹ID, S.A. Zhussip²ID

¹Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

²L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

***Corresponding author**

E-mail.: turkestan.010862@gmail.com

Abstract. The Kazakh people had a chance to restore their national statehood, lost due to colonization by the Russian Empire, twice in their history: the first time after the fall of tsarism in the Russian Empire in 1917, the second time after the collapse of the Soviet Union, which was essentially a neo-empire.

The Kazakh people had a chance to restore their national statehood, lost due to colonization by the Russian Empire, twice in their history: the first time after the fall of tsarism in Russia in 1917, the second time after the collapse of the Soviet Union, which was essentially a neo-empire.

After the overthrow of tsarism, Russia set a course for the creation of a bourgeois parliamentary republic. Finally, the question of the form of state structure in the territorial context - federation or unitary republic – had to be decided by the All-Russian Constituent Assembly, the convocation of which was repeatedly postponed by the Provisional All-Russian Government. The idea of proclaiming Russia as a federation, as a union of equal republics, in the political field of Russia was raised by the figures of "Alash". Their ideas about a federal Russia differed significantly in the most important thing. If, for example, independence in the socio-economic and cultural spheres was important for the Siberian oblast, then for the leaders of "Alash" the main issue was state independence, although limited by the framework of the federation.

But, the overthrow of the Provisional Government in October 1917, as well as the dispersal of the All-Russian Constituent Assembly in January 1918, deprived Russia of the last legitimate central government. By this time, Soviet power was limited only to Petrograd. In the conditions of anarchy in Russia, Alash, proclaiming itself autonomy in the proposed federation, as reflected in the draft Program of the Alash party, transformed into a republic with full state power, that is, sovereignty, not limited by external supranational authorities. That is, in the current conditions, there was a change in the political orientation of the Alash Horde (the Government of the Republic of Alash) from autonomization to the formation of an independent republic. The activity of the Alash Horde was entirely subordinated to the demonstration and strengthening of the actual sovereignty and independence of the Kazakh national state being revived by it.

This position of Alash Orda was especially clearly manifested in all its foreign policy negotiations of the period 1918-1920, including with the Government of Japan and representatives of the participating countries of the Paris International Peace Conference of 1919-1920. But after the complete Sovietization of Kazakhstan, the Republic of Alash lost not only its current name, but also its actual sovereignty.

The authors used the dialectical method of cognition of natural and social phenomena as the methodological basis of the study. The research was guided by general scientific and special historical methods, and analysis, synthesis, and logical methods were used from general scientific methods. From the category of special historical methods - historical-retrospective, historical-genetic, historical-typological, historical-system methods.

Key words: Empire, disintegration, national statehood, Republic of Alash, sovereignty, independence, Soviet government, party dictatorship, neo-imperialism.

Введение. Логика развития мировых империй такова, что по истечении времени они неизбежно распадаются. Это историческая судьба как морских, так и континентальных империй. Поскольку все они основаны на территориальном господстве, с их распадом коренным народам, владевшим своими исконными территориями, предоставляется шанс возрождения утраченной государственности или учреждения национального государства, если его не было.

У казахского народа такой шанс возникал в его истории дважды: впервые после крушения Российской империи в 1917 году, второй раз - после распада Советской федерации, по сути являвшейся неоимперией.

После крушения царской империи Россия взяла курс на создание буржуазного государства в форме парламентской республики. Вопрос о форме государственного устройства в территориальном разрезе – федерация или унитарная республика – должен был решить Всероссийское учредительное собрание (Протасов, 2014), выборы и созыв которого неоднократно откладывались Временным всероссийским правительством вплоть до своего свержения Советской властью в октябре 1917 года. Пожалуй, вопрос о федерации, как союза равноправных республик, на политическом поле России одним из первых был поднят деятелями и партией «Алаш». В какой-то мере перекликаясь с идеями сибирского областничества, распространёнными в России на рубеже XIX и XX столетий (Сибирское областничество, 2001), идеи деятелей «Алаш» об автономии существенно отличались в самом главном. Если для областничества, например, для Сибирского, было важным самостоятельность в социально-экономической и культурной сферах, то для автономистов главным был вопрос государственной независимости, хотя и ограниченной рамками федерации.

Эти идеологические позиции по-разному оценивали суть предполагаемой Российской федерации, особенно в вопросах статуса её субъектов. С позиции областничества субъектами федерации должны были стать области, обретающие относительную самостоятельность в постимперской России. Свидетельством этому являются решение казахских областных и общенациональных курултаев (съездов), состоявшихся в течение 1917 года, как, например, Тургайского (Оренбург, 2-8 апреля) (Алаш-Орда, 1992: 21-36), Уральского областного (Уральск, 19 апреля) (Алаш-Орда, 1992: 36-45), I Всеказахского курултая (Оренбург, 21-28 июля) (Алаш-Орда, 1992: 46-53). Постановления всех этих областных и общенациональных курултаев без исключения подразумевали, что казахским областям должно быть предоставлено право самостоятельно решать вопросы областного значения в качестве равноправного субъекта новой федеративной России. Принятие окончательного решения по этому вопросу возлагалось на Всероссийское учредительное собрание, созыв которого неоднократно откладывался, вначале Всероссийским правительством, затем Советской властью.

Жалпы, Қазақстанда революцияға дейін жерге орналастыру жұмысына байланысты үш зерттеу кезеңі жүргендігі белгілі. Олар: Ф. Щербинаның экономикалық зерттеулері, бұрынғы Қоныстандыру Басқармасының топырақтық-ботаникалық және сол басқарманың аралас (әсіресе, Хворостанский басқарған Торғай-Орал Қоныстандыру ауданындағы жұмыстар), яғни экономикалық және жалпылай табиғи-тарихи зерттеулері.

Бұрынғы нормаларды сынаушылардың бірі И.В. Ларин Ф.А. Щербина экспедициясының Көкшетау, Ақтөбе және Қарқаралы уездерінде белгілеген жер нормасының қайшылықтарына талдау жасайды (РФ МА, 68:169-170). Кіріс мөлшерін Щербина экспедициясының Қазақстанда белгілеген бюджеттердің (129 бюджет) орташа кірісімен салыстырады және уездерде кірістің төмен болуына жер нормасының төмен қойылуы себеп болды деген түйін жасауға мүмкіндік береді және көтеру жолдарын ұсынады (Ларин, 1926:171,180).

Көшпелі қазақтар үшін бұрынғы жер нормасы мөлшерінің еш пайдасы жоқтығын ғалым М. Сириус жақсы түсінген еді. Сол себепті де ол қазақтар шаруашылығына ыңғайланған жер нормасын жасақтады, бас қосуларда талқыға ұсынады және дәлелдемелерін келтіреді (Сириус, 1925:60-61).

Жер нормасы мәселесі түрлі съезд, бас қосуларда да күн тәртібіндегі маңызды мәселелердің қатарында болған еді. 1924 жылы ақпан айында өткен ҚазАКСР жер қызметкерлерінің III-съезінің Жерге орналастыру және мелиорация секциясында жер нормасы жөнінде Хованов пен М. Сириустың баяндамалары тыңдалады (ҚР ОМА, 466:161-166).

Кейін екі баяндама бойынша қатысушылар пікірлерін білдіреді. Кей қатысушылар бұрынғы норма деңгейін пайдалану немесе көшпенділікті жою жайындағы айтқандарына Ж. Сұлтанбеков қарсылық білдіреді, жаңа норма керек екеніне назар аудартады (ҚР ОМА, 466:164-165).

Кейін, ЕХК Коллегиясының 1925 жыл 30 сәуірдегі (№17 хаттама) отырысында М. Сириус дайындаған осы жерге орналастыруға норма белгілеу тәртібі жөніндегі нұсқауы талқыланады. Нәтижесінде жер кесушілер жер нормасын қоюда осы нұсқауды басшылыққа алуы керектігі және Жерге орналастыру Басқармасының нұсқауды кестелер мен цифрлық сандарды пайдалану әдісін көрсететін түсіндірмелермен толықтыруы жөнінде қаулы шығарылады (РФ МА, 2:3).

Осы жер нормасы мәселесі сол жылдың 12 мамырында болған Коллегия отырысында да қаралады. Мұнда М. Сириус ҚазАКСР жерге орналастырудың перспективалық жоспары жайында баяндама жасайды. Жан-жақты талқылаудан кейін 1924/25-1934/35 жылдарға арналған жоспарды кей өзгерістер енгізу арқылы бекітуге қаулы қабылданады. Онда жер нормасына байланысты мынадай тармақтар болды:

1. ҚазАКСР барлық ауданында шаруашылық түрінің анықталуы тарихи-табиғи және тұрмыстық жағдайға байланысты болатындығы мойындалсын;

2. Қазақ шаруашылығы үшін норманың жоғары қойылуы мынадай жағдаймен негізделсін: а) Қазақ өлкесін отарлау барысында Қоныстандыру Басқармасының ең шұрайлы жерлерді алып қоюымен қалған жерлер көп жағдайда сапасыз болғандықтан орнын норма мөлшерін көбейту арқылы өтеу мүмкіншілігінен; б) отырықшылыққа не жартылай отырықшылыққа өтуші қазақтардың жаңа өмір салтына бейімделу қажеттілігі үшін норманы көтеру керектігінен (ҚР ОМА, 78:6).

Сібір жақтағы қазақтарға жер нормасын белгілеуде де қайшылықтар болады. Бұл жақта Ф. Щербина, В. Кузнецов материалдарын пайдалану мәселесі көтеріледі. Жиналыста сөз алған қазақ өкілі Итбаев аталған зерттеушілер материалдары қазіргі талапқа сай келмейтіндігі, олардың кезінде басқа мақсат ұстанғандықтарын алға тартып, наразылық білдіреді.

Осы мәселеге қатысты материалдарды қазақтарға норма қоюға келетіндігі, иә келмейтіндігі жөнінде зерттеу жүргізу қажеттігі жайындағы ұсыныстар қабылданбайды (РМЭА, 2936:38-39).

XX ғ. 20-30 жылдарында Қазақстан тұрғындарын жерге орналастыру жұмыстарына байланысты бірнеше рет жер нормасы жасақталғанын білеміз. Атап өтер болсақ, жергілікті жер басқармаларының, мемлекеттік қоныстандыру институтының, Егіншілік Халық Комиссариатының, Бүкілодақтық Қоныстандыру Басқармасының, т.б. нормалары қолданысқа тартылып көрінді.

Әрине, кейінгі Қоныстандыру Басқармаларының нормасын айтпағанда басқалары барынша оңтайлы жағдайды іздестіру әрекеті болды деп айтуға болар. Бұрыннан қалыптасқан тәжірибелік үлгі болмағандықтан бұрынғы патшалық кезеңдегі жер бөлу тәсілі басшылыққа алынды. Дегенмен олардың жарамсыздығына байланысты жаңадан ғылыми негізделген норма жасақтау керек болады.

Соның әсерінен 1926 жылы 1-сатылық жұмыстар жүргізілген аудандардағы қазақ тұрғындары үшін жер нормасын жасақтау мақсатында С. Швецов комиссиясы жұмыс істейді.

Қазақстанның солтүстік бөлігіне жататын бұл аудандар солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай 2,5 мың верстке созылып жатты. Ол аудандар қатарына Орал губерниясынан Ащысай, Слаухинск, Қараоба және Бөрлі, Ақтөбе губерниясынан Аралтөбе, Семей губерниясынан Ақсу, Теренкөл, Қызылағаш, Өрік, Маралды, Ақмола губерниясынан Ортақшылар, Төңкеріс сияқты болыстар жатты.

Жер нормасын белгілеуде бұрын белгілеген нормалардың жылдар өтуіне және халық санының өсуіне сәйкес қайта қаралып, ауқымы қысқартуға тап болуы мүмкіндігі ескеріледі.

Осы мәселе бойынша С. Швецов өз сөзінде сол кездегі қалыптасқан барлық жағдайлар негізінде шаруашылыққа белгіленіп отырған жер көлемінің барлық уақытта да жеткілікті болатындығына кепілдік бере алатындығын, шаруашылық жер тапшылығын сезінген кезде, сол жағдай олардың халық тығыздығының деңгейіне қарамастан жерден тапшылық көрмейтін шаруашылық түріне көшуіне түрткі болатындығын, сондықтан «еңбек», «тұтыну» нормаларына жүгінбей, жерді еш қыспай, сол жағдайдағы қалыпты шаруашылықты қамтамасыз ететін мөлшерде бөлу керектігін айтады (ҚР ОМА, 745:8).

Қалыпты деңгейдегі деп есептелген шаруашылықты анықтау әдісі бойынша алдымен шаңырақтың мүліктік тізімінен еңбегін басқа шаруашылықтарға сатпайтын және шаруашылықтарына өзгенің еңбегін сатып алмайтын шаруашылықтар іріктеліп алынады. Сонан соң бюджеттік зерттеуден алынған мәліметтер негізінде шаруашылықтың жекелей алынған элементтерінің он жылдық аралығындағы (1915-1925 жж.) өзгерісінің динамикалық коэффициенті қойылады, одан кейін шаңырақтық-мүліктік тізімде көрсетілген шаруашылықтардың негізі болып саналатын элементтері жоғарыда аталған динамикалық коэффициентке сәйкестендіріліп норма белгіленуі тиіс қалыпты деңгейдегі деп саналатын еңбек шаруашылығы анықталады.

Осындай шаруашылықтар қатарына Батыс Қазақстанда жылқыға шаққанда 1-10 (шаруашылықтың 80%-і), ал шығыс жақтарда 1-25 (шаруашылықтың 90%-і) бас малы бар шаруашылық топтар жатқызылды.

Зерттеу нәтижесінде болыстықтардағы барлық жер 138.563 дес. болғанымен норма бойынша керек деп есептелгені 192.275 дес. көрсетеді (РФ МА, 29:51). Норма төңірегінде арнайы мәжілістерде тартыстар болады. Ақырында жоғары қойылған деген сылтаумен С. Швецов нормасы қабылданбай қалады (РМЭСТА, 106:39).

Сол кездері норма белгілеу бағытында С.П. Швецов комиссиясымен қатар Бүкілодақтық Қоныстандыру Комитеті де жұмыс істейді. Оның өзіндік себептері болды.

1926 жылдан бастап қоныстандыру шарасына жол ашылуы себепті одақтас және автономиялық республикаларға өз жерлерінде жер қорларын анықтау және соған байланысты қоныстандыру жоспарларын жасақтауға нұсқау беріледі. Алайда ҚазАКСР жер қорын анықтау ісімен айналысудан

бас тартады. Республика басшылық орындары қоныстандыруға келетін бос жер қорларының жоқтығын алға тартып, Қазақстанда байырғы тұрғындарды толық жерге орналастырып болмайынша сырттан келімсек орналастыру шараларының жүргізілмейтінін айтады. Сол себепті де Комитет бүкілодақтық дәрежедегі қоныстандыру жоспарын құруды кешіктірмеуді алға тартып Қазақстандағы жер қорын анықтау әрекетіне өз бетімен кірісіп кетеді.

Соған байланысты Бүкілодақтық Қоныстандыру Комитетінің Пленумы 1926 жылдың 5 шілдесінде 1928/29 жылдан бастап халқы тығыз орналасқан аудандардан тұрғындар қоныстандыру үшін жер қорын дайындауға кірісу жөнінде қаулы қабылдайды. Сөйтіп, Қазақстан патшалық билік кезіндегідей тағы да қоныстандыру ісіне тартылады.

Осы жұмыспен бір мезетте Бүкілодақтық Қоныстандыру Басқармасы Қазақстан тұрғындарына жер нормасын жасақтайды. Норма егіншілік аймақтағыларға 30 га, егін-мал шаруашылығымен айналысатындарға 69 га болып белгіленеді (РФ МА, 29:55-56).

Бұл әрекеттің негізгі мазмұны бұрынғы патша үкіметі кезіндегі норма қою әдісін пайдалана отырып, егіншілікті дамыту сылтауымен қор кесу болды.

Аудандастырулар бұрынғы патшалық кезеңде жасақтаған Щербина зерттеуімен үндеседі деп табылады. Сол себепті де осы жағдай бұрынғы зерттеулер мәліметтерін пайдалануға мүмкіндік береді:

а) аудандар бойынша Щербина экспедициясы жасақтаған қазақ шаруашылығының бюджеттік сипаттамасы;

б) уездер бойынша Қоныстандыру Басқармасының қайта зерттеуі негізінде жасақталған сипаттама;

в) 1922/23 жылға жататын ОСБ (ЦСУ) бюджеттік мәліметі. Қазақстанға Щербинаның 4 группасы келеді деп саналды.

Осы сипаттамалар ішінен қалыпты шаруашылық ұғымына келетіні алынып, ол түрлі кезеңдерде жинақталған эмпирикалық мәліметтермен салыстырылып қарастырылады (РФ МА, 28:5).

Егіншілікпен айналысатын қалыпты шаруашылықтың жер пайдалануы былайша анықталады: усадьба-1 дес., егістік-13,5 дес., пішендеме-4,0 дес., далалық жайылым-9,0 дес., нәтижесі 27,5 дес. немесе 30,0 га. Қалыпты шаруашылықта 6 жан болатынын ескеріліп, жер үлесі 5 га деп саналады. Ал егін-малмен айналысатын қалыпты шаруашылықтың пайдаланатын жер көлемі мынадай болады: усадьба-1 дес., егістік-8 дес., пішендеме-8 дес., жайылым-46 дес. нәтижесі 63 дес. немесе 68,85 га (РФ МА, 28:15-19). РКФСР ХКК 1927 жыл 19 шілдедегі БҚК Солтүстік Қазақстан бойынша жасақтаған нормасын Мемлекеттік Жоспарлау Комиссиясында талқылау жөнінде қаулысына байланысты 9 тамыз күні осы іспен айналысқан ауыл шаруашылығы секциясы жұмысшы комиссиясының есебі тыңдалады. Мәжілісте ҚазАКСР мүддесін қорғаушылар жер норманың жасақталу жолына үзілді-кесілді қарсылық білдіреді (РФ МА, 28:36-37).

КСРО ХКК 3 ауданға белгіленген жер нормасы жөнінде қаулы қабылдайды. Қаулыда ҚазАКСР жерді пайдалану жөніндегі БҚК белгілеген нормасы сын көтере бермейтіндігі көрсетіліп, Қазақстан үкіметіне норманы іс жүзінде пайдалану барысында осы ауданға теориялық тұрғыда белгіленген құр норманы ғана емес, сондай-ақ бар шаруашылықтардың жерді пайдаланудағы барлық жағдайларының ескерілуін қадағалау тапсырылады (РФ МА, 28:48-49).

Алайда, қазақ жерінен қор табу мақсатында норма жасақтау жұмысы тоқтамайды. БОАК Президиумы 1927 жыл 12 желтоқсанда норма жасақтаудың жаңа жолын қарастыру жөнінде қаулы шығарады. Сөйтіп, қазақ қоғамының дәстүрлі шаруашылығын ыдырату одан әрі жүре береді.

1920 жылдың екінші жартысынан бастап Орталық тарапынан алға қойылған мәселелерді шешуде Қазақстанның шартты түрде Солтүстік Қазақстан деп алынған бөлігіне аса назар аударылғаны белгілі.

Бүкілодақтық Қоныстандыру Комитеті басшыларының бірі М.И. Лацис Қазақстанның солтүстік жағында ауыл шаруашылығына жарамды 80 млн. га жер бар екендігіне, ондағы тұрғындар саны 3,9 млн. адам құрайтындығына, егер тұрғындарға БҚК жер нормасы негізінде шаруашылыққа 33 га-дан 69 га дейін жер кесілсе 33 млн. га жер бос қалатынына назар аудартып, осы жер қорын халқы тығыз орналасқан аудандардан тұрғындар орналастыруға болатындығы, қордың сыйымдылығы 660 мың шаруашылық немесе 3.960 мың жан көрсететіндігі жайында ескертеді (Лацис, 1929:76).

Жалпы, Солтүстік Қазақстанның жалпы жер ауданы - 2.160.390 ш.ш. немесе 216.039.000 га құрайды.

Әкімшілік бірлігі 2 округ (Қостанай және Адай), 4 губерниядан (Ақтөбе, Орал, Ақмола, Семей) тұрды.

Барлық тұрғындар саны - 4,1 млн. (оның ішінде 2,1 млн. жергілікті тұрғындар, 2 млн. қоныс аударушы европалық тұрғындар). Айта кетер жай, дән себуге қолайлы жерде (80 млн.га) тек 3,2 млн. жан тұрады, оның 2 млн. орыс, 1,2 млн. байырғы тұрғындар.

Орталық қоныстандыру үшін Солтүстік Қазақстанның далалықтары мемлекетке Сібірдің, Қиыр Шығыс және Оралдың орманды алқаптарына қарағанда арзанға түсетіндігін алға тартады.

Перспективалық жоспарға сай орманды аудандарда бір отбасын жерге орналастыру 1278 сомнан айналса, далалықта ол 796 сом құрайтын болды. Сол себепті Қазақстандағы барлық артық жерді қоныстандыру шарасына тарту орманды алқаптарға қарағанда жарты миллиард сомға арзанға түседі деп есептелді. Ескертіп кетер жай, далалық аудандарда қоныстанушылар шаруашылығының товарлығы 2 жылдан кейін келсе, орманды алқаптарда ол 5-10 жылға созылады деп саналған (РФ МА, 170:48).

Солтүстік Қазақстанның егіншілікке қолайлы екі зонасында (Орал, Ақтөбе, Ақмола, Семей губерниялары және Қостанай округі) артық жер қоры 33,2 млн. га деп табылады. Жергілікті тұрғындар 33-69 га норма мөлшерінде жермен қамтылса, онда бес жылдың ішінде губерния, округтерде 600 мың жанға үлес дайындауға, 260 мың жанды орналастыруға мүмкіндік туатын болады.

5 жылдық ішінде әр жылда қор дайындау және орналастыру тиісінше былай қарастырылады: 1928/29 ж.-10 мың және 0; 1929/30 ж.-60 мың және 500; 1930/31 ж.-10 мың және 25 мың; 1931/32 ж.-180 мың және 80 мың; 1932/33 ж.-250 мың және 140 мың, барлығы-600 мың және 260 мың (РФ МА, 2536:35).

Ал, жалпылай алғанда Қазақстанға қоныстандыруға жоспарланған шаруашылық және адам саны мынадай болған еді: 1) 1929/30 жылы 14.545 және 80.000; 2) 1930/31 жылы 18.182 және 100.000; 3) 1931/32 жылы 25.454 және 140.000; 4) 1932/33 жылы 32.727 және 180.000, барлығы 99.908 шаруашылық және 500.000 адам (РФ МА, 7:91).

Солтүстік Қазақстан аймағында зерттеу жұмысына тартылған жер көлемі 51.865.346 га немесе 518.653 ш.ш. құраған.

Зерттелген жер көлемі округтер бойынша мынадай мөлшерде болады: Орал - 1.735.549 дес. [3,4%], Ақтөбе - 7.128.394 дес. [13,7%], Қостанай - 11.511.545 дес. [22,2%], Петропавл - 12.054.378 дес. [23,2%], Ақмола - 8.074.623 дес. [15,6%], Павлодар - 11.366.857 дес. [21,9%], барлығы - 51.865.346 дес. [100%] (Состояние сельского хозяйства КазССР., 1930:13).

Экспедицияның тағы бір жерде келтірген мәліметінде Солтүстік Қазақстанда зерттелген жер көлемі ҚазАКСР жалпы территориясының 19,3% (ПХК мәліметі бойынша 2.909.393 ш.ш.) құраған (Состояние сельского хозяйства КазССР., 1930:14).

Қорытынды. Сонымен, қорыта келгенде Кеңес үкіметі орнағаннан кейін Ресей империясы кезіндегі отарлық жер саясатының қайшылықтарын жою қолға алынды. Бастапқыда отарлық езгіден босаған тұрғындарды жермен қамтамасыз ету үшін, кейін қоныстандыру саясатын жүзеге асыру бағытында жер нормасын белгілеу, жер қорын анықтау шаралары жүргізілді.

Норма жасақтау жұмыстары ұлттық-территориялық бөлініске дейін Түркістан өлкесі мен ҚазАКСР бөлек-бөлек жүзеге асырылды. Норманың бірнеше түрі қолданылды. Көп жағдайда норма жасақтау әдіс-тәсіліне бұрынғы патшалық кезеңдегі тәжірибелер пайдаланылды. Дегенмен осы мәселеге қатысты мамандар өз пікірлерін білдіріп, оларды қазіргі жағдайда пайдаланудың қайшылықтарын ашып, өздерінің ұсыныстарын білдірді.

Жалпы, норма жасақтау төңірегінде мамандар мен билік орындары арасында тартыстар орын алды. Қазақ шаруашылығы ерекшелігіне байланысты ғылыми негізде жасақталған норма мөлшері Орталық тарапынан тым жоғары қойылған есебінде қабылданбай қалды. Норма жасақтаумен айналысу жұмысы Бүкілодақтық Қоныстандыру Басқармасы қызметкерлеріне тапсырылды. Қалай да болса артық жер шығару керектігін мақсат еткен Басқарма қызметкерлері қазақтар үшін қажетті норма мөлшерін әдейі қысқартып бақты. Сөйтіп, тұрғындарға шаруашылық ерекшеліктеріне қарай жер кесу үшін қолға алынған жер нормасын белгілеу ісі ақыр аяғында егін салу, сондай-ақ кеңестік қоныстандыруға қор анықтау жұмыстарына ыңғайластырылып жіберілді.

Әдебиеттер тізімі

Дахшлейгер Г.Ф. Социально-экономические преобразования в ауле и деревне Казахстана (1921-1929 гг.). Алма-Ата: Наука, 1965. 536 с.

Есмағанбетов К. Зарубежная историография истории Казахстана (с древнейших времен до начала 90-годов XX в.): дис. ... докт. ист. наук. Алматы, 1999. 294 с.

Исмагулов Ұ.Ш. Кеңестік биліктің Қазақстандағы жер саясаты (1917-1940 жж.). Ақтөбе, 2018. 392 б.

Камерон С. Голодная степь. Голод, насилие и создание Советского Казахстана / пер. с англ. Алексей Терещенко. М.: Новое литературное обозрение, 2020. 360 с.

- Ковальская С.И. Судьбы модернизации Казахстана в англоязычной историографии: Научное издание. Астана: ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2007. 336 с.
- Қазақстан Республикасы Президентінің архиві (әрі қарай – ҚР ПА), 141 қ. 1 т. 757 іс. 402 парақ.
ҚР ПА. 141 қ. 1 т. 683 іс. 237-п.
- Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві (әрі қарай-ҚР ОМА). 74 қ. 2 т. 466 іс. 161-166-пп.
ҚР ОМА. 74 қ. 1 т. 78 іс. 6-п.
ҚР ОМА. 74 қ. 4 т. 745 іс. 8-п.
ҚР ОМА. 74 қ. 4 т., 179 іс. 27,56-57, 121-122-пп.
ҚР ОМА. 74 қ. 4 т. 174 іс. 62-п.
ҚР ОМА. 74 қ. 4 т. 176 іс. 52-53, 128, 160-пп.
ҚР ОМА. 74 қ. 1 т. 683 іс. 237-п.
- Ларин И.В. Некоторые итоги анализа норм земельного надела, установленные экспедицией Ф.А. Щербины в Кокчетавском, Актюбинском и Каркаралинском уездах // Казахское хозяйство в его естественно-исторических и бытовых условиях. Материалы к выработке норм земельного устройства в Казахской АССР. 1926. Л., 1926. С. 167-182.
- Лапис М.И. Аграрная перенаселенность М.-Л., Госиздат., 1929. 142 с.
- Перспективы хозяйства Туркеспублики. 1924-1929 гг. Ташкент: Изд.ТЭС, 1924. 1027 с.
- Платунов Н.И. Переселенческая политика Советского государства и ее осуществление в СССР (1917-1941 гг.). Томск, 1976. 283 с.
- Ресей Экономикалық мемлекеттік архиві (РЭМА). 478 қ. 7 т. 2936 іс. 38-39-пп.
Ресей әлеуметтік-саяси тарихы мемлекеттік архиві (РӨСТМА). 17 қ. 85 т. 106. іс, 39-п.
Ресей Федерациясы мемлекеттік архиві (әрі қарай-РФ МА). 3260 қ. 6 т. 52 іс. 67-73, 104 пп.
РФ МА. 484 қ., 1 т., 2 іс, 3-п.
РФ МА. 3260 қ., 4 т., 68 іс, 169-170-пп.
РФ МА. 3260 қ., 7 т., 29 іс, 51, 55-56-пп.
РФ МА. 3260 қ., 7 т., 28 іс, 5, 15-19, 36-37, 48-49-пп.
РФ МА. 1235 қ., 120 т., 170 іс, 48-п.
РФ МА. 262 қ., 1 т., 2536 іс, 35-п.
РФ МА. 5675 қ. 1 т. 7 іс. 91-п.
- Сириус М.Г. О нормах землепользования для кочевого населения КССР // Советская Киргизия. 1925. №5-6. С. 52-65.
- Состояние сельского хозяйства КазССР, пути его реорганизации и перспективы переселения (по материалам обследования КазССР экспедицией ВПК СССР за 1928 г.) М.: Центр. тип. НКВМ, 1930. 183 с.
- Социалистическое строительство в Казахстане в восстановительный период (1921-1925гг.) / Сборник документов и материалов. А.: Изд. АН КазССР, 1962, 592 с.
- Тулепбаев Б.А. Социалистические аграрные преобразования в Средней Азии и Казахстане. М.: Наука, 1984. 270 с.
- Халидуллин Г. Политика Советского государства в отношении казахских шаруа (1917-1940 гг.). Алматы: Ғылым, 2001. 212 с.
- Швецов С.П. Природа и быт Казахстана // Казахское хозяйство в его естественно-исторических и бытовых условиях. Л., 1926. С. 93-105.

References

- Dahshlejger G.F. Social'no-ekonomicheskie preobrazovaniya v aule i derevne Kazahstana (1921-1929 gg.) [Socio-economic transformations in the aul and village of Kazakhstan (1921-1929)] Alma-Ata: Nauka, 1965. 536 s. [In Russian].
- Esmaganbetov K. Zarubezhnaya istoriografiya istorii Kazahstana (s drevnejshih vremen do nachala 90-godov XX v.) [Foreign historiography of the history of Kazakhstan (from ancient times to the beginning of the 90s of the twentieth century)]: dis. ... dokt. ist. nauk. Almaty, 1999. 294 s. [In Russian].
- Halidullin G.H. Politika Sovetskogo gosudarstva v otnoshenii kazahskih sharua (1917-1940 gg.) [The policy of the Soviet state towards the kazakhs peasants (1917-1940 yy.)]. Almaty: Fylym, 2001. 212 s. [In Russian].
- Ismagýlov U.Sh. Кеңестік биліктің Қазақстандағы жер саясаты (1917-1940 жж.) [Land policy of the Soviet authorities in Kazakhstan (1917-1940.)]. Aqtóbe, 2018. 392 b.

- Kazaqstan Respublikasy Prezidentinin arhivi (KR PA) [Archive of the President of the Republic of Kazakhstan]. 141 k. 1 t.757. is. 3-p.
- KR PA. 141 k. 1 t. 683. is. 237-p.
- Kazaqstan respublikasy Ortalyk memlekettik arhivy [Central state archive of the Republic of Kazakhstan (further- KR OMA.)] 74 k. 2 t.466 is. 161-166 pp.
- KR OMA. 74 k. 2 t. 78 is. 6 p.
- KR OMA. 74 k. 2 t. 745 is. 8 p.
- KR OMA. 74 k. 2 t. 179 is. 27, 56-57, 121-122 pp.
- KR OMA. 74 k. 2 t. 174 is. 62 p.
- KR OMA. 74 k. 2 t. 176 is. 52-53. 128,160 pp.
- KR OMA. 74 k. 2 t. 683 is. 237 p.
- Kameron S. Golodnaya step'. Golod, nasilie i sozdanie Sovetskogo Kazahstana [Hungry Steppe. Hunger, violence and the creation of Soviet Kazakhstan] / per. s angl. Aleksej Tereshchenko. M.: Novoe literaturnoe obozrenie, 2020. 360 s. [In Russian].
- Koval'skaya S.I. Sud'by modernizacii Kazahstana v angloyazychnoj istoriografii: [The fate of the modernization of Kazakhstan in the English-language historiography] Nauchnoe izdanie. Astana: ENU im. L.N: Gumileva, 2007.336s. [In Russian].
- Larin I.V. Nekotorye itogi analiza norm zemel'nogo nadela, ustanovlennye ekspeditsiei F.A. Scherbiny v Kokchetavskom, Aktyubinskom i Karkaralinskom uezdah [Some results of the analysis of land allotment norms established by the expedition of F.A. Shcherbina in Kokchetav, Aktobe and Karkaraly counties] // Kazahskoe hozyaistvo v ego estestvenno-istoricheskikh i bytovykh usloviyah. Materialy k vyrabotke norm zemel'nogo ustroistva v kazahskoi ASSR. L.,1926. S.167-182. [In Russian].
- Latsis M.I. Agrarnaya perenaselennost' [Agrarian overcrowding]. M.-L.: Gosizdat, 1929. 142 s. [In Russian].
- Platunov N.I. Pereselencheskaya politika Sovetskogo gosudarstva i ee osushchestvlenie v SSSR (1917-1941 gg.) [Migration policy of the Soviet state and its implementation in the USSR (1917-1941)]. Tomsk, 1976. 283 s. [In Russian].
- Perspektivy hozyaistva Turkrespubliki. 1924-1929 gg. [Prospects for the economy of the Turkestan Republic. 1924-1929 yy.]. Tashkent: Izd. TES, 1924. 1027 s. [In Russian].
- Russian State Archive of Economics. F. 478. In. 7. C. 2936. P. 38-39.
- Resei Federacijasy memlekettik arhivi (RF MA) [State Archive of the Russian Federation] 3260 k. 6 t. 52. is, 67-73, 104 pp.
- RF MA. 484 k. 1 t. 2 is. 3 p.
- RF MA. 3260 k. 4 t. 68 is. 169-170 pp.
- RF MA. 3260 k. 7 t. 29 is. 51, 5556 pp.
- RF MA. 3260 k. 7 t. 28 is. 5, 36-37 pp.
- RF MA. 1235 k. 120 t. 170 is. 48 p.
- RF MA. 262 k. 1 t. 2536 is. 35 p.
- RF MA. 5675 k. 1 t. 7 is. 91 p.
- Shvecov S.P. Priroda i byt Kazahstana [Nature and life of Kazakhstan] // Kazahskoe hozyajstvo v ego estestvenno-istoricheskikh i bytovykh usloviyah. L.,1926.S.93-105. [In Russian].
- Sirius M.G. O normah zemlepol'zovaniya dlya kochevogo naseleniya KSSR [About norms of land use for the nomadic population of the KSSR] // Sovetskaya Kirgiziya. 1925. № 5-6. S. 52-65. [In Russian].
- Sostoyanie sel'skogo hozyaistva KazSSR, puti ego reorganizatsii i perspektivy pereseleniya (po materialam obsledovaniya KazSSR ekspeditsiei VPK SSSR za 1928 g.) [The state of agriculture of the Kazakh SSR, the ways of its reorganization and the prospects for resettlement (based on the survey of the Kazakh SSR by the expedition of the military-industrial complex of the USSR for 1928)]. M.: Tsentr. rtip. NKVM,1930. 183 s. [In Russian].
- Sotsialisticheskoe stroitel'stvo v Kazahstane v vosstanovitel'nyi period (1921-1925 gg.)/Sbornik dokumentov i materialov [Socialist constructing in Kazakhstan during the recovery period (1921-1925) / Collection of documents and materials)]. A.: Izd. AN KazSSR, 1962. 592 s. [In Russian].
- Tulepbaev B.A. Socialisticheskie agrarnye preobrazovaniya v Srednej Azij i Kazahstane [Socialist agrarian reforms in Central Asia and Kazakhstan.]. M.: Nauka, 1984. 270 s. [In Russian].
- The Russian State Archive of Socio-Political History (RSASPH). F. 17. In. 85. C. 106. P.39

**СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ «ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ ІСІ»
ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН БАСШЫЛЫҒЫНЫҢ ҰСТАНЫМЫ****Қасымова Дидар Бейсенғалиқызы¹ ID, Құдайбергенұлы Болат^{2*} ID,
Мамраймов Серік Дәулетұлы³ ID**¹Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Алматы қ., Қазақстан.²Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ., Қазақстан.³Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті. Шымкент қ., Қазақстан.

*Автор-корреспондент

E-mail: didar@kimer.kz (Қасымова), k.bolat75@mail.ru (Құдайбергенұлы), s_dauletuly@mail.ru (Мамраймов)

Түйіндеме. Мақалада Қостанай облысындағы контрреволюциялық деп аталатын істердің ашылуына байланысты Ұлы Отан соғысы кезеңінің бірнеше эпизодтары қарастырылған. Соғыс басталған кезде облысқа қорғаныс кәсіпорындары көшірілді, эвакуацияланған және арнайы қоныстанушыларға байланысты халықтың құрамы айтарлықтай өзгерді, ГУЛАГ жүйесінің лагерлері жұмыс істеді. «Үлкен террор» қарқын ала бастаған 1936 жылдан бастап облыс аумағы қазақстандық ПХК-нің (НКВД) ерекше есебінде болды. Тұтқындау үрдісі ПХК өткен жылдардағы айыптаулар мен мойындауларды қолдана отырып өз жалғасын тапты. Аталмыш кезеңде Қазақстанның партия басшылығы қауіпсіздік органдарымен бірлесе отырып, Қостанай облысының мәселелерімен байыпты айналысты. Соғыс басталғаннан кейін КСРО-ның еуропалық астық егетін аудандары жау қолына өткен соң Қазақ КСР-дегі Қостанай облысы астықтың негізгі жеткізушісі болуға тиіс еді. Облыстық басшылық пен ПХК органдары табиғи апаттардан туындаған ауыл шаруашылығындағы қиындықтарды, мобилизацияға байланысты техниканың, жұмыс күшінің және мамандардың жетіспеушілігін бірқатар кеңес қызметкерлерінің антикеңестік қызметімен байланыстырып түсіндірді. Бұндай жағдай бүкіл елде болды, бірақ билік халықты кернеуде ұстап, қолдағы барлық күштерді, амалдарды жауды жеңуге жұмылдырды, тіпті егер бұл үшін ішкі жауларды табу қажеттілігі болса да.

Халықты бақылауды күшейту бағытындағы көрсеткіш үрдісінің бірі ретінде ПХК «Ұлтшылдар» тыңшылық ісі және оның жалғасы – «феодалдар» ісін эзірледі. Қостанай облысының ісі Қазақстан басшылығына тікелей қатысы болды, себебі оның қарамағында саяси және экономикалық мәселелер болды.

Кілт сөздер. Қазақ КСР, Қостанай облысы, ПХК, Қазақ КСР басшылығы, қуғын-сүргін.

МРНТИ 03.20.00

**«ДЕЛО КОСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ»
В ГОДЫ ВОЙНЫ И ПОЗИЦИЯ РУКОВОДСТВА КАЗАХСТАНА****Қасымова Дидар Бейсенғалиевна¹ ID, Құдайбергенұлы Болат^{2*} ID,
Мамраймов Серік Дәулетұлы³ ID**¹Институт Истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова, г. Алматы, Казахстан.²Павлодарский педагогический университет имени А. Марғулана, г. Павлодар, Казахстан.³Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, г. Шымкент, Казахстан.

*Автор-корреспондент

E-mail: didar@kimer.kz (Қасымова), k.bolat75@mail.ru (Құдайбергенұлы), s_dauletuly@mail.ru (Мамраймов).

Аннотация. В статье рассматриваются несколько эпизодов периода Великой Отечественной войны, связанных с раскручиванием так называемых контрреволюционных дел в Костанайской области. В область с началом войны были передислоцированы оборонные предприятия, существенно изменился состав населения из-за эвакуированных и спецпоселенцев, действовали лагеря системы

ГУЛАГа. Область была на особом счету у казахстанского НКВД еще с 1936 года, когда «Большой террор» только начал набирать обороты. Аресты по разнарядке продолжались до начала войны, а в ходе войны НКВД продолжил зачистку области от врагов народа, используя доносы и признания предыдущих лет. В годы войны партийное руководство Казахстана совместно с органами безопасности серьезно занималось проблемами Кустанайской области. После потери европейских зерносеющих районов СССР с начала войны, Кустанайская область в Казахской ССР должна была стать основным поставщиком зерна. Сложности в сельском хозяйстве, вызванные природными катаклизмами, нехваткой техники, рабочей силы и специалистов в связи с мобилизацией областное руководство и органы НКВД объясняли антисоветской деятельностью ряда советских работников. Такое положение было по всей стране, но властям необходимо было держать население в напряжении и мобилизовать все имеющиеся силы на победу над врагом, даже если для этого нужно было найти внутренних врагов. Агентурное дело «националисты», и его продолжение – дело «феодалы» - было разработано НКВД как один из показательных процессов для усиления контроля над населением. Дело Кустанайской области имеет прямое отношение к руководству Казахстана, поскольку в его ведении находились и вопросы политэкономии.

Ключевые слова. Казахская ССР, Кустанайская область, НКВД, руководство Казахской ССР, репрессии.

IRSTI 03.20.00

THE CASE OF THE KUSTANAI OBLAST DURING THE WAR AND POSITION OF THE KAZAKH SSR LEADERSHIP

Kasymova Didar Beisengalieвна¹ ID, Kudaibergenuly Bolat² ID, Mamraimov Serik Dauletuly³ ID

¹Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. Almaty, Kazakhstan.

²Pavlodar Pedagogical University named after A. Margulan, Pavlodar, Kazakhstan.

³South Kazakhstan state pedagogical university. Shymkent, Kazakhstan.

*Corresponding-author

E-mail: didar@kimep.kz (Kasymova), k.bolat75@mail.ru (Kudaibergenuly), s_dauletuly@mail.ru (Mamraimov)

Abstract. The article elucidates some episodes of the Great Patriotic War times in the Kustanai oblast connected with the investigation of the so-called counter-revolutionary forces. To the oblast with the war outbreak were relocated defense enterprises, considerably changed the population composition due to the evacuated people and special settlers, were active the GULAG camps. The oblast was specially listed in the Kazakh SSR NKVD since 1936 when the Great Terror was getting its strength. Arrests continued until the war started, and during the war NKVD went on cleansing the oblast out of enemies, using the accumulated petitions of previous years. And during the war the Kazakh SSR party leadership along with the security structures had to handle the Kustanai oblast case. After the loss of the grain producing areas in the European part of the USSR since the war started the Kustanai oblast was doomed to become the main grain supplier. But the difficulties in the agriculture due to the natural cataclysms, shortage of machinery, man power and specialists caused by the war mobilization the oblast leadership and NKVD bodies explained by the anti-soviet activities of some functionaries. Although that was a situation across the country the local bodies had to exploit all resources to control the population and mobilize it for the victory over the enemy even if for that end they would seek internal enemies. The case "nationalists" and its continuation – "feudals" – was elaborated by the NKVD as one of the exemplary cases to control the population. The case of Kustanai oblast is directly linked to Kazakh SSR leadership as it had to deal with the issues of political economy.

Key words. Kazakh SSR, Kustanai oblast, NKVD, Kazakh SSR leadership, reprisals

Кіріспе. Қостанай облысы 1936 жылдан бастап, «Үлкен террор» жаңа ғана қарқын ала бастаған кезде қазақстандық ІХК-ның ерекше есебінде болды. Ал, қолында алдыңғы жылдардан жинақталған материалдар мен тұтқындардың бұрынғы жасаған мойындауларымен қаруланған ІХК соғыс барысында облысты халық жауларынан тазартуды жалғастырды.

Теориялық-әдістемелік негіздері. Тоталитарлық режим кезіндегі процестерді зерттейтін теориялардың ережелерін қойылған мақсатты анықтау үшін қолданылды. Бұл теориялар режимнің күш

қолдануын түсіндіреді, өйткені бұл ерекше жағдайларда қойылған мақсаттарға жету қажеттілігіне жауап береді.

Теориялық-әдістемелік жұмыс Копенгаген мектебінде әзірленген секьюритизация (ағыл. Securitization – қауіпсіздік) тұжырымдамасы негізінде жүргізіледі. Бұл тұжырымдаманың негізгі ережелері халықаралық қауіпсіздік мәселелеріне қатысты, бірақ мемлекет ішкі және сыртқы саясаттың негізгі субъектісі ретінде қауіпсіздікті экзистенциалды қауіп түріндегі іргелі факторлардың бірі ретінде көтереді және ішкі саясаттың барлық аспектілерін қалпына келтіреді (соның ішінде әлеуметтік тәжірибеде). Бұл мемлекеттің, өз мақсаттарына жету үшін кез келген заңсыз (төтенше жағдай ретінде ақталған) әрекеттерді қолдануға негіз береді.

Б. Бузан және Оле Вейвер жұмыстарында қауіпсіздік тұжырымдарының ережелері мазмұндалған (Buzan, Wæver, Wilde, 1998:239).

Сталиндік соғыс кезіндегі тоталитаризм кезеңінде Қазақстан тарихының проблемалық мәселелерін қарастыру кезінде, қауіпсіздік теориясын қолдану мүмкіндігі, негізгі құрамдас бөліктердің болуымен негізделеді: қандай да бір проблеманы шығаратын фактор (көбінесе үкіметтік немесе үкіметтік емес факторлар, сонымен қатар саясатқа қатысы жоқ жеке адамдар және тіпті топтарда); қауіпсіздік нысаны – бұл, аталған проблема қауіп төндіретін сұрақ, құбылыс, фактор, мысалы, қауіпсіздік нысандары болып, мемлекет (әскери қауіпсіздік) болуы мүмкін; ұлттық егемендік немесе идеология (саяси қауіпсіздік); ұлттық экономика (экономикалық қауіпсіздік); ұжымдық ұқсастық (әлеуметтік қауіпсіздік); биологиялық түрлері және ареалдар (қоршаған орта қауіпсіздігі); аудитория – мәселені ықтималды қауіп деп тануға тура келетін осы үрдіске қатысатын барлық қатысушылар. Ұлы Отан Соғысы жылдарында, сыртқы жаулар мен әртүрлі сипаттағы ішкі күштер (бірақ сипаты бойынша антисоветтік) тарапындағы қоқан-лоқыға қарсы, қауіпсіздікті сақтау үшін сталиндік режим, әртүрлі түрдегі зорлық-зомбылық және мәжбүрлеуді (террор, депортация, тазарту, ГУЛАГ, әскери уақыттағы төтенше заңдар) қолдану қажеттілігі деп дәлел келтірілді.

Соғысқа дейін және соғыс кезінде ПХҚ әзірлеген Қостанай ісі секьюритизация теориясының негізгі ережелерін қолдануды талдаудың мысалы болып табылады.

Соғысқа дейін және соғыс кезінде, ПХҚ әзірлеген «Қостанай ісі», қауіпсіздік теорияларының негізгі ережелерін қолдануды талдаудың мысалы болып табылады. «Қостанай ісінде» бірнеше секторлар – саяси (мемлекет қауіпсіздігіне қауіп төндіру), экономикалық (азық-түлік қауіпсіздігі – әрекеттегі әскер мен тұрғындарды азық-түлікпен қамтамасыз ету), әлеуметтік (қауіпсіздікке қауіп төндіретін ұжымдық ұқсастықтар – жер аударылғандар, байлар, басқа да антисоветтік элементтер көрсетіледі).

Материалдар мен тәсілдер. Бұл жұмыс А. Богданов жүргізген және ҚР Президенті мұрағатының және Ресей Мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарихы архиві (РМЭСТА) материалдарына, ҚазССР Бас прокуратурасының арнайы комиссиясының қайта құру кезіндегі материалдарына сүйенген. Жұмыстың үзіндісі кәсіби заңгер И. Желваков мақаласында жазылған. Ғылыми тәсілдер ретінде тарихи қағидасы, салыстырмалы-тарихи, ивент- және контент-талдаулары қолданылды.

Нәтижелер мен талдаулар. Соғыс жылдарында Қазақстанның партия басшылығы қауіпсіздік органдарымен бірлесе отырып, Қостанай облысының мәселелерімен шындап айналысты. Сонымен қатар, соғыс басталғаннан бері КСРО-ның еуропалық астықты аудандарынан айырылғаннан кейін Қазақ КСР-дегі Қостанай облысы астықтың негізгі жеткізушісі болуға тиіс болатын. Істің жай-күйін жүйелі түрде бақылап отыру үшін Орталық Комитеттің үшінші хатшысы М. Салин облысқа ат басын тіреді. 1941 жылы маусымда өткен Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің 5-ші пленумында өлкедегі істің жай-күйі қаралып, былай деп атап өтілді: «Қостанай облысы Орталық Комитет пен республика ХКК-нің байыпты және жүйелі қолдауына қарамастан, соңғы екі жылда облыстағы жағдайды, әсіресе ауыл шаруашылығын басқаруға қатысты жағдайды жақсартпады. Шын мәнінде, бұрнағы жылдары Қостанай облысы Ауыл шаруашылығы өнімдерін жинау және дайындау бойынша артта қалған облыстардың бірі болды. Егістің шығуы республиканың барлық облыстарына қарағанда нашар болды. Биылғы көктемгі егіс барлық облыстардан да нашар аяқталды». Сонымен қатар, бұқаралық саяси науқандарды жүргізуде қиындықтар байқалды – несиеге жазылу бар болғаны 78,5% қамтамасыз етілсе, басқа өңірлерде 95,8% қамтамасыз етілді, ал «Осоавиахим» лотереясының іске асырылуы ең артта қалғаны ретінде көрсетілді (РМЭСТА, 745:243).

1939-1941 жылдары ҚК(б)П облыстық комитетінің бірінші хатшысы болып өзін Н. Скворцов пен Ж. Шаяхметовтің қойған адамы санайтын Н. Журин тағайындалды. Ол өзінің естелігінде соғыстың басталуымен Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің Қостанай облысына ерекше назар аударғанын еске алады. Мұның себебі ауа райының қолайсыздығы ғана емес, сонымен қатар білікті кадрлардың, соның ішінде колхоз басшыларының тапшылығы болды. 1940 жылдың жазында «ҚК(б)П Өлкелік

Комитетінің Бюросы соңғы кездері Затобольск және Қостанай уездік комитеттері кадрларды колхоздарға іріктеу, қарастыру және орналастыру ісімен аса қанағаттанғысыз айналысқанын атап өтеді. Олар Қостанай ауданында Қазақстан Республикасының номенклатурасына енген 205 колхоз қызметкерінің 126-сы ғана бекітілген (аудандық комитет бекітпеген 2 колхоз төрағасы, 6 колхоз төрағасының орынбасары, 35 мал фермасының меңгерушісі, т.б.). Затобольск ауданында Қазақстан Республикасының номенклатурасына енген 213 қызметкердің 107 адамы, яғни 50%-ы ғана бекітілген (2 колхоз төрағасы, 17 мал фермасының меңгерушісі, 33 адам ревком төрағасы және 33 адам, колхоздар төрағасының орынбасарлары және т.б. бекітілмеген). ҚК(б)П Орталық комитеті Затобольск және Қостанай аудандық комитеттері ұжымшар кадрларын қанағаттанарлықсыз зерделейді, олардың іскерлік және саяси қасиеттерін практикалық жұмыста тексермейді, оларға тиісті көмек көрсетпейді. 1940 жылы Затобол ауданында 8 колхоз төрағасы, 5 мал фермаларының меңгерушілері ауысқан. Тек бір ғана «Алқау» ұжымшарының үш төрағасы ауысқан. Қостанай ауданында осы уақыт ішінде колхоздардың 12 төрағасы, мал фермаларының 7 меңгерушісі және бригадирлердің 11 адамы ауысқан» (РМЭСТА, 1018:161).

10 қыркүйектегі жағдай бойынша Қостанай облысында астықтың 24,6 пайызы, 1940 жылғы 89,8 пайызы, Солтүстік Қазақстан облысында тиісінше 27,8 және 93,3 пайызы, Ақмолада 50,6 және 100,3 пайызы жиналды. Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің Бюросы мен Қазақ АКСР Халық Комиссарлар Кеңесі бес күндік тапсырмаларды бекітіп, Қостанай облысында 20 қыркүйекте егін жинау мерзімін белгіледі. Мерзімге дейін, егін орағын аяқтау мүмкін болмады, 25 қыркүйекте Затоболь, Қостанай, Меңдіғара және Убаған аудандарының колхоздарында тазалау жоспары жартысы да орындалмады (Zhurin, 1982:86-87).

30 қыркүйекте Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті бюросының отырысында Қостанай облысындағы жағдай қаралды. Ал 1 қазанда Журин таңданыспен былай деп жазады: «Бізге мәлімдегендей, 29 қыркүйекте Қазақстан Компартиясы К(б)П ОК Орталық Комитетінің бюросы Қазақстан Компартиясы К(б)П ОК Қостанай облыстық комитеті ауыл шаруашылығына, әсіресе, астық жинау жағдайына қатысты «Елді басқарудағы елеулі кемшіліктер туралы» қаулы қабылдағаны белгілі болды. Көрсетілген қаулыға сай, облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметінен босатылып, облыстық атқару комитетінің төрағасы Д. Кәрімбаевке (дұрысы - Керімбаев, авт.) қатаң сөгіс берілді. Партияның Пресногорьковский, Меңдіғара, Затобольск және Қостанай аудандық комитеттерінің бірінші хатшылары мен бюро мүшелеріне 10 қазанға дейін шөп шабу мен астық жинауды аяқтауды қамтамасыз етпесе, олардың атқаратын лауазымынан босатылып, партиядан шығаруға дейін жауапқа тартылатыны қатаң ескертілді» (Zhurin, 1982:87-88). Журин ҚК(б)ПК-ның облыстық пленумында сөйлеген сөзінде: «1940 жылы Қостанай облысын ауыл шаруашылығының төмен көрсеткіштерінің себептерін немқұрайлы басқару және агро-шаруашылық шараларды қолданбау, агро шараларды елемеу, 1940 жылғы астық шығыны мемлекетке, колхоздар мен колхозшыларға 14 миллион пұтты құрады. Бұл уақытта біздің көптеген жетекші қызметкерлеріміз, соның ішінде партияның аудандық комитеттерінің хатшылары қазір екінші империалистік соғыс жүріп жатқандығы, біздің социалистік Отанымыздың күші мен қорғанысын одан әрі нығайту туралы, бүкіл халқымызды жұмылдыру дайындығы жағдайында ұстау керектігі туралы баяндамалар жасап жатты. Бұл 1940 жылы көктемгі егіс кезінде жіберілген қателіктер мен кемшіліктер. Ол біз үшін сабақ болады. Осының бәрінен тиісті қорытынды жасау қажет» деп айтқан болатын (РМЭСТА, 979:13).

Бір қызығы, осы кезде Журин басқа қызметке ауыстырылды. Мұны оған қолданған жаза ретінде қарастыруға болады. Өйткені, ол бірінші басшы ретінде ең алдымен, ауыл шаруашылығының көрсеткіштеріне жауап беретін еді. Бірақ, Қазақ КСР басшылары – Н. Скворцов пен Ж. Шаяхметов көп нәрсені ауа райы жағдайы мен ауылшаруашылық техникасының жоқтығымен байланыстырып, Журинді партиялық соққыдан алып қалып, басқа облысқа ауыстыруды ұйғарды. Журин үшін бұл шынында да құтқару іспеттес болды. Ал облыстағы, аудандардағы барлық басқа басшыларға қатаң ескерту жасалып, көп ұзамай тұтқындаулар басталды. Бұған Журиннің тағайындалуының артында Скворцов пен Шаяхметов тұрғанын, ал Журиннің өзі бұл қызметке тағайындалғанға дейін Қостанай облысымен ешқандай байланысы болмағанымен түсіндіруге болады. Скворцов пен Шаяхметов Журинді соққыдан алдын ала «қорғап» қалды. Журин Алматыға барып: «екінші хатшы Ж. Шаяхметовтің қабылдауында болғанын, оны Семей облысының Белағаш ауданына жұмысқа жіберуге және аудандық партия комитетінің бірінші хатшылығына ұсыныс жасалғаны және оның тарапынан ешқандай қарсылық болмағанын» хабарлайды (Zhurin, 1982:88). Скворцов пен Шаяхметов ПХК жұмысына ықпал ете алмады, бірақ олар шамасы, ПХК-ның Қостанай облысына деген ерекше бақылауынан хабардар болған сияқты.

Қостанай облысының ауыл шаруашылығындағы күрделі жағдайдың негізгі себебі республика басшылығының пікірінше, барлық партиялық-саяси және мәдени-бұқаралық жұмыстардың тым елеусіз қалғандығынан орын алған еді (РМЭСТА, 748:244). Қазақстан К(б)П ОК-нен обкомның жұмысына жетекшілік еткен және Журиннің облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы лауазымындағы жұмысын қорытындылаған М. Салиннің баяндамасында: «Обкомның 1941 жылдың 10 айында ауыл шаруашылығы мәселесі бойынша 80-нен астам шешім қабылдағанымен, облыс колхоздарындағы істер жақсарған емес. Сондықтан жолдастар, бұл істің сәттілігі тек шешімдерді іске асырумен ғана байланысты емес. Мәселенің шешімі нақты ауылшаруашылық басшылығында, колхоздың ісін білуде және партия мен Үкіметтің шешімдерінің орындалуын бақылау мен ұйымдастыра білуде», - деп атап көрсетілді (РМЭСТА, 1009:10). Ол өз жазбасында одан әрі былай деп жалғастырды: «Обкомның бұрынғы басшылығының кінәсі оның совхоздардың ісіне араласпау ұстанымында болып, жағдайдың ықтимал салдарын алдын ала болжай алмағандығында» (РМЭСТА, 1009:16). Бірақ, бұл жерде маңыздылығы кем емес тағы бір мәселе болды. Ол партия ұйымдарында тәжірибелі партиялық кадрлар жоқтығына да байланысты еді. Кадрлардың көпшілігі қуығын-сүргіндер кезіндегі тазарту мен қудалаулар науқанында азайып кеткен болатын. Бастауыш партия ұйымдары хатшыларының едәуір бөлігінің бір жылдық партиялық өтілі де болмады. Ауыл шаруашылығындағы күрделі мәселелерді шешу үшін партияның қандай ресурстары болғанын және кімнің мойнына арқалағанын көрсететін Қостанай облыстық партия комитеті отырысының хаттамасынан үзінді келтірейік онда былай деп жазылған: «Соңғы уақытта 1939 жылы партия қатарына қабылданған коммунистерден, сондай-ақ бірқатар кәсіпорындар мен мекемелерде жұмысқа қабылданған жас коммунистерден тұратын бастауыш партия ұйымдарының көбейгенін ескере отырып, Қазақстан К(б)П Орталық комитетінің СОК(б)П Орталық комитетінен төменде көрсетілген бастауыш партия ұйымдарының хатшылығына бір жылдық партиялық өтілі жоқ партия мүшелерін сайлауға рұқсат сұрап, өтініш жолдауын ұсынады:

- 1) партиялық өтілі бір жылға жетпейтін үш партия мүшесі есебінде тұратын Затоболь ауданы, Ленин атындағы колхозының ұйымы;
- 2) партиялық өтілі бір жылға жетпейтін төрт партия мүшесі есебінде тұратын Федоров ауданы «Путь Ильича» колхозының ұйымы ;
- 3) төрт партия мүшесі есебінде тұратын Федоров ауданы, «Красный Октябрь» колхозының ұйымы, оның ішінде үш партия мүшесінің өтілі бір жылға жетпейді, ал біреуінің өтілі бір жылдан асқанымен, оны денсаулығына байланысты хатшылыққа сайлауға болмайды;
- 4) партиялық өтілі бір жылға жетпейтін үш партия мүшесі есебінде тұратын ПХК Убаған аудандық атқару комитетінің ұйымы;
- 5) Урицкий ауданының Чапаев атындағы колхозының партия ұйымы, онда есепте тұрған төрт партия мүшесінің бір ғана сауатсыз коммунистің бір жылдан астам партиялық стажы бар;
- 6) Урицкий ауданының Еңбекшіл ауылдық кеңесінің партия ұйымы, онда тіркелген төрт партия мүшесінің біреуінің ғана бір жылдан астам партиялық өтілі бар, бірақ оны үстінен шағым түсуіне байланысы басшылық қызметке сайлауға болмайды;
- 7) Қарабалық ауданының тұқым өсіру кеңшарының құрамында есепте тұратын бес партия мүшесінің ішінде бір жылдан астам партиялық өтілі бар кеңшар директорынан және сауаты аз бір коммунистен басқасының бір жылдық партиялық өтілі жоқ» (РМЭСТА, 1012:74).

Облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Н.И. Журин басшылықтан алынып, облыстық атқару комитетінің төрағасы Кәрімбаевқа (дұрысы - Керімбаев, авт.) ескертумен сөгіс жарияланды (РМЭСТА, 766:203). Орталықтың ұсынысымен Қостанай обкомының бюро отырысында жаңа бірінші хатшы болып Орталық Комитеттің ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі В.Ф. Мельников сайланды (РМЭСТА, 1030:17). Бірақ жаңа басшы тәртіп орнату үшін аудандық партия комитеттері хатшыларын, колхоз төрағаларын, совхоз директорларын және басқа да басшыларды қызметтерінен аластатып, басқарудың аса қатал бағытын жүргізе бастады (РМЭСТА, 507:35). Сондай-ақ облыстағы істің жай-күйіне қанағаттанарлықсыз бақылау жасағаны үшін «Астық дайындауда басшылықты қамтамасыз етпегені, бітімгершілік танытқаны және мемлекетке қарсы әрекеттермен тікелей келіскені үшін» деген айыптаулармен Орталық Комитеттің үшінші хатшысы М. Салин 1942 жылы 17 қазанда қызметінен босатылды. Бірақ Салин Қостанай облысындағы іркілістердің басты себебі Журин басшылығының әлсіздігінен орын алды деп есептейді: «...облыстық партия комитетінің бюросы мен оның бұрынғы бірінші хатшысы Журиннің сәтсіздігінің нақты себептерін дер кезінде аша алмады. Олардың есептеуінше, егін жинауға егіннің өз уақытында піспеуі және ауа-райының қолайсыздығы лобогрейкаларды пайдалануды бұзатын егін шығымының төмен болуын әсер етті. Обком хатшысының мұндай түсіндірмесі партияның Орталық Комитетін қанағаттандыра алмағаны және Орталық

Комитеттің бюросы шектен тыс шара қолдануға, Журинді қабілетсіздігі, шешуші сәтте партия директивасының орындалуын қамтамасыз етпегені үшін обкомның бірінші хатшысы қызметінен түсіруге мәжбүр болғаны анық. Ауыл шаруашылығын басқаруда жіберілген өрескел кемшіліктерге обкомның екінші хатшысы Берниязов жолдас, облыстық кеңестің атқару комитетінің төрағасы Керімбаев жолдас және обком бюросының басқа да мүшелері жауапты болатын» (РМЭСТА, 1009:17). Бірақ, партиялық бақылаудан өзге, жазалау бойынша ПХК тетігі де іске қосылып, Қостанай облысында жұмыстардың әлсіз ұйымдастырылуының ішкі жасырын себептерін анықтаумен айналысуды шешті. Бұл Ұлтшылдардың агенттік ісін әзірлеудің жалғасы болды. Бұл науқан 1936 ж. басталған болатын, енді ол соғыс жылдарындағы төтенше әскери жағдайға, қорғаныс кәсіпорындарының көшіп келуіне, Қазақстан халқының құрамының өзгеруіне, ГУЛАГ жүйесінің, қоныс аударушылардың орын алуына, республиканың шекара маңы мәртебесіне ие болуына байланысты ерекше мәнге ие болды.

Қостанай облысының басшылығындағы Н. Журин және оның орнына келген В. Мельников орталық басшылықтың ішкі жауларды іздеп, жағдайды бақылап отыру туралы қатаң нұсқауларын бұлжытпай орындады. Мельников ПХК-нан облыста қатаң тәртіп орнатуды талап етті. Мельников өзінің бір сөзінде: «эвакуацияланған топтар халық арасында қате, дүрбелең, кейде революцияға қарсы пікірлер таратады. Эвакуацияланғандар арасында дүрбелең туғызған және жалған қауесеттер таратқан адамдардан басқа, контрреволюциялық әрекеттерге үгіттейтін дұшпандық ниеттегі бірқатар адамдар да анықталды» (РМЭСТА, 1009:56). Содан кейін ол ПХК-ның контрреволюциялық топтарды анықтау бойынша атқарған жұмыстары туралы ақпарат ретінде: Қазір кейбір аудандарда ПХК органдары ұйымдасқан түрде құрылған фашистік топтарды ашты, олар халық арасында дүрбелең туғызып, тиісті уақытта диверсиялар мен террористік шабуылдар жасауды мақсат етіп отыр», - дейді (РМЭСТА, 1009:60).

Қостанай облысының партиялық басшылығы ПХК-ның қадағалау-жазалау функцияларын күшейтуді талап етеді. Осыған орай, облыстық партия комитетінің хатшысы Берниязовтың сөзінен үзінді келтірейік: «Мен Емельянов жолдастың бүгінгі таңда облыстағы сот-тергеу органдары өздеріне жүктелген міндеттерді өте нашар атқарып отыр деген пікірімен келісемін. Кеше түнде обком бюросы Қарабалық ауданындағы астық дайындау барысы туралы мәселені талқылай отырып, әрекетсіздігі үшін астық дайындау халкомының уәкілін партиядан шығарып, ОК мен ХКК қаулысының бұзылуына жол бергені жұмыстан шеттетті, сонымен бір мезгілде аудан прокуроры да жұмыстан шығарылды. Облыстық прокурор Т. Хаярдинов (Қостанай облысының прокуроры) аудан прокурорының жұмысына қалай жауап бермейді? Оның бұл аймаққа баруға және түсіндіруге, көмектесуге, осы сұрақтарды қоюға мүмкіндігі болмады ма? Бірақ, өкінішке орай, бұл жұмыстар жүргізілмеді. Мен бұл адамдар кабинеттерінде отырып алып, тек қажет емес нәрселермен ғана айналысып отыр дер едім» (РМЭСТА, 1009:140). Қауіпсіздік органдары жоспарлау, алдын-алу, орындауды бақылау, жинау, бөлу және жазалаудан бастап, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің барлық кезеңдердегі процестеріне тартылды. Осыған орай, ПХК облыстық басқармасының бастығы Орлов өзінің бір сөзінде: «Ауылшаруашылық өнімдерін дайындау және сатып алу Кеңес мемлекетінің нан, ет және сүт және басқа да өнімдерге қажеттілігін қамтамасыз етудің маңызды құралы болады және болып қала береді», - деді. Ол ауыл шаруашылығындағы, әсіресе мал шаруашылығындағы проблемалардың себептерін атап көрсеткен болып, былай деді: «Бір кездері бұл жерлерде (Амангелді, Торғай облыстарында көшпелі шаруашылықпен айналысқан) кулак-бай элементтері мал шаруашылығын жою үшін контрреволюциялық жұмыстар жүргізген» (РМЭСТА, 1009:103).

Кезінде Кеңес өкіметінің жауы деп жарияланған, талай диверсиялық жұмыстарды жүргізген, түбірімен әлі жойылмаған кулак-бай элементтері мал шаруашылығында кадр мәселесінің шешілмегендігінен, өздерінің диверсиялық әрекеттерін жүргізіп, орасан зор зиян келтіруде. Мысалы, Семиозерный ауданындағы «Новый путь» колхозында бір топ кулактар мал фермаларына еніп, өздерінің арам істерін істеп жатыр. 1939 жылы шабындық жоспары небәрі 32 пайызға орындалды, шаруашылық ең қорқынышты жағдайға тап болды, соның салдарынан 70 бас ірі қара қырылып қалды» (РМЭСТА, 1009:104).

